

Ең басты жетістігіміз – біз Қазақстанды әлем мойындаған мемлекет ретінде қалыптастырып, еңселі елге айналдырдық. Бүгінде жаһан жұртшылығы Қазақ жерін – бейбіт мекен, Қазақ елін – мәртебелі мемлекет, сенімді серіктес ретінде таниды.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

ИННОВАЦИЯ



БАҒДАРШАМНЫҢ
БАҚЫЛАУЫНДАСЫЗ

8

ИГИ ІСІ



«МЕЙІРІМ
МЕКЕНІ»

22

ЖАҚЫНЫҢА
ЖАНАШЫР БОЛ!



KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

23.12.2021

Түнде:

-1+1 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+7+9 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің
жылдамдығы:
0-5 м/с

24.12.2021

Түнде:

-1+1 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+6+8 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

АРМАҢДАР ОРЫНДАЛАДЫ!

Жастарды қолдау – басты міндет



Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, Жаңа жыл қарсаңында шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаев «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша салынған, жалға берілетін тұрғын үй иелеріне пәтер кілтін табыс етті.

«Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында 29 жасқа дейінгі, жұмыс істейтін жастарға 5 жыл мерзімге 1050 жалдамалы пәтер берілді. Тағы 441 пәтер «Бақытты отбасы» және «Шаңырақ» бағдарламалары бойынша көпбалалы, толық емес және мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар арасында жеңілдікпен кредит беру шартымен бөлінген. Пәтерлер Наурызбай ауданындағы «Алма Сити 5» ТК және Алатау ауданындағы «Мәдениет» ТК-де «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша салынған үйлерде орналасқан.

3

ТӘУЕЛСІЗДІК–30

30 ЖЫЛДЫҢ 30 ЖЕТІСТІГІ



«Almaty aqshamy» газеті жыл басталғалы бері Тәуелсіздіктің әрбір сәтін бедерлеп келді. «Жасампаздық жолы: отыз жылдың отыз сәті» деген тақырыпта кең көлемде тағылымға толы ел шежіресі жазылды. Шынында да, Тәуелсіздік зор бақыт екенін түсіну бар да, сол бақытты сезіне білу бар. Ұлттық идеологияның басым ұстанымы – тәуелсіздікті насихаттау болуы шарт. Біз бүгін Тәуелсіздіктің 30 жылдығының ірі серпілісін былайша қорытындыладық.

ҚЫСҚА...

- Қазақстан аумағындағы Сауран, Жетіасар, Жанкент, Сығанақ, Отырар, Күлтөбе-Яссы қалалары Дүниежүзілік мұралар тізіміне енгізілмек.
- «Отандастар қоры» әлемнің 12 елінде тұратын қазақтарға қазақ тілін оқытуды онлайн жүргізуде.
- NEET санатындағы жастарды мемлекеттік қолдауға бағытталған El Jastary бірінғай ақпараттық навигаторы әзірленеді.
- «Қажымұқан» фильмі көрерменге келесі жылы көрсетіледі.
- Елімізде автожүргізушілер үшін арнайы LiTRO Service мобильді қосымшасы пайда болды.
- Алматыда Қасым Аманжоловтың туғанына 110 жыл толуына орай «Қасымның әндері-ай» атты ән-жинақ жарық көрді.

www.almaty-akshamy.kz



12-13

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
261-59-11, 259-88-99 (ішкі 0318) телефондары бойынша хабарласыңыз!





ҚАЛА ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ДАМУЫ ҚАРҚЫН АЛДЫ

Шаһар басшысы тұрғындарды санитарлық қауіпсіздік шараларын сақтауға шақырды

Қала әкімі Бақытжан Сағынтаев «Алматы» телеарнасындағы Akimat LIVE бағдарламасының тікелей эфирінде қала тұрғындарын санитарлық қауіпсіздік шараларын сақтауға шақырды. Ол мегаполистегі эпидемиологиялық ахуалдың күрделенуі және жағдайды қиындатуы мүмкін жаңа «омикрон» штаммының таралу қаупі туралы айтып берді.

ЖАППАЙ ВАКЦИНАЛАНУ ҚАЖЕТ

Соңғы 7 күнде КВИ дерті өткен апталармен салыстырғанда 249 оқиғадан 223 жағдайға дейін төмендеді, тәулігіне 30–35 жағдай тіркелді. Инфекция жұқтырудың эпидемиологиялық көрсеткіштері 1 науқас 1 адамнан аз жұққанын көрсетеді (бүгінгі күнгі R саны 0,8).

Айта кетерлігі, жыл басынан бері қалада 164 477 КВИ және 1449 ковидті пневмония тіркелген. Желтоқсан айында Алматыда 1000–1300 КВИ жағдайы болжануда, 22 желтоқсанда 884 жағдай тіркелді.

Соңғы аптада жасы бойынша дерт жұқтырғандардың үлесі: 20–59 жас – 55%, 60 жас және одан жоғары – 25%, 14 жасқа дейінгі балалар – 15%, жасөспірімдер – 5%-ды құрады. Оның ішінде өзін-өзі жұмыспен қамтыған және жұмыс істемейтін азаматтар – 31%, ұйым, ЖШС, ЖК қызметкерлері – 21%, зейнеткерлер – 20%, оқушылар – 11%, мектеп жасына дейінгі балалар – 7%, студенттер – 3%, басқалар – 7%. Алматылықтар дертті көбінесе қоғамдық көліктерде (36%), сауда нысандарында (34%) және отбасыларда (25%) жұқтырады.

Бүгінде Алматыда КВИ дертінің төмендеуі ұжымдық иммунитеттің 58%-ына (вакциналандырылғандардың 50%-ы және жыл басынан бері ауырғандардың 8%-ы) қолжеткізудің арқасында мүмкін болды. Сондықтан қала әкімі Б.Сағынтаев алматылықтарды, оның ішінде жасөспірімдер мен тәуекел тобындағы қалалықтарды белсенді түрде вакциналануға шақырды. Алғашқы егуді алғандар дәрігерлер ұсынған мерзімнен кейін ревакциналаудан өтулері тиіс.

Айта кетерлігі, пандемияның жаңа толқыны әлемде таралуын жалғастыруда. «Омикрон» штамы әлемнің 106 елінде тіркелген, оның ішінде ұжымдық иммунитеттің жоғары деңгейі бар – АҚШ, Ұлыбритания, Германия және басқаларында.

Алматыда жаппай вакциналану қажет, өйткені қалалық санэпидкызметтің талдау



тобы мамандарының болжамы бойынша Алматыда COVID-19 «омикрон» штаммының тіркелуі әбден мүмкін. Эпидемияның кезекті толқыны 2022 жылғы қаңтардың ортасында күтілуде, наурыз айының ортасына қарай өршуі ықтимал.

Қала әкімі эпидемиологиялық жағдайы нашар елдерден «омикрон» инфекциясының Қазақстанға әкелінуінің алдын алу үшін профилактикалық жұмыстардың кеңінен жүргізіліп жатқанын атап өтті. Мәселен, 3–20 желтоқсан аралығында Алматыға шет елден 49,4 мың жолаушысы бар 344 рейс қонды. Оның ішінде ПТР анықтамаларымен – 29,7 мың, вакцинация паспортымен – 20 мың, «омикрон» штамы тіркелген елдерден – 2,9 мың жолаушы келді. Барлығы медициналық бақылауға алынып, 7 күн бойы оқшауланды. Кейіннен олардың арасында КВИ-мен ауыратын 5 науқас анықталды, олардың барлығы инфекциялық стационарда оқшауланды.

МЕГАПОЛИС ӨЗ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРАДЫ

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев тікелей эфирде пандемияның барлық қиындықтарына және оған байланысты шектеулерге қарамастан, мегаполис өз әлеуетін арттыруды жалғастырып, қалпына келтірудің жоғары қарқынын көрсетіп отырғанын айтты.

Б.Сағынтаевтың айтуынша, ағымдағы жылдың қаңтар-қараша айларында қысқа мерзімді экономикалық индикатор 108,7%-ды құрады. Өнеркәсіпте 20,1%-ға, құрылыста – 20%-ға, байланыс қызметтерінде –

13,8%-ға, саудада – 5,1%-ға өсу қамтамасыз етілді.

Инвестицияларды тартуда жоғары динамика байқалады. Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 17,5% өсіммен 1 014,4 млрд. теңгені (ҚР-дағы үлесі – 9%) құрады.

Сондай-ақ, бюджет кірістері өсімінің жоғары қарқыны қамтамасыз етілді. 2021 жылдың 11 айының қорытындысы бойынша мемлекеттік бюджетке салықтар мен төлемдердің 28,7% өсімімен 2 трлн. 558,7 млрд. теңге түсті.

ЭКОНОМИКАНЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

Экономиканы қалпына келтіру мемлекеттік бағдарламаларды белсенді іске асыру және несиелеуді кеңейтумен қатар жүрді.

Қала әкімі атап өткендей, Almaty Finance және «Алматы МҚҰ» желісі бойынша жалпы сомасы 513 млн. теңгеге 9 жоба қаржыландырылды. «Бизнестің жол картасы–2025» мемлекеттік бағдарламасы аясында гранттар беріледі, ал белсенділігі төмен аудандарда ШОБ ынталандыру үшін 5%-бен несие беріледі.

Жалпы, шағын бизнесті несиелеу өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 1,4 есе артып, 1 трлн. 835,9 млрд. теңгені құрады.

«Сондай-ақ, ШОБ үшін «Қарапайым заттар экономикасы» және «Бизнестің жол картасы» бағдарламалары жұмыс істейді. Олар өз тиімділігін дәлелдеді, сондықтан оларды жүзеге асыру келесі жылы да жалғасады.

Алматыда жыл басынан бері дер кезінде қабылданған шаралардың арқасында 55 мыңнан астам жұмыс орны тұрақты жұмыспен 35 935 адам, уақытша жұмыспен – 19 106 адам қамтамасыз етілді. Нәтижесінде жұмыссыздық бүгінде 5,1%-ды құрайды. Бұдан басқа, Индустриалды аймақта 79,7 млрд. теңге сомасына 17 жоба іске асырылды, 154,9 млрд. теңгеге өнім өндірілді, 2,6 мыңнан астам жұмыс орны құрылды.

Жыл соңына дейін Индустриалды аймақта 519 жұмыс орны құрылатын 4 жаңа жобаны (38,6 млрд.) іске қосу жоспарлануда. Олардың қатарында шет елдің қатысуымен ПТР-тестілерінің өндірісі бойынша («Каз-диа-тест» ЖШС) маңызды жоба бар.

БІРҚАТАР ӨНДІРІСТІК НЫСАНДАР АШЫЛДЫ

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев тікелей эфирде әлеуметтік, өндірістік және инфрақұрылымдық жаңа нысандар туралы айтып берді.

Мәселен, Рысқұлов даңғылы мен Емцов көшесінің қиылысында көптен күткен жолайрық, сондай-ақ Абай даңғылы бойымен Момышұлы көшесінен Алатау көшесі-

не дейін және одан әрі қаланың батыс шекарасына дейін өтпелі көлік қозғалысы ашылды.

Индустриалды аймақта үлкен диаметрлі болат дәнекерленген құбырлар шығаратын зауыт іске қосылды. Бұдан басқа, Алатау ауданында Индустриалды аймақ нысандарының өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жаңа заманауи өрт сөндіру депосы ашылды.

Сондай-ақ, Алатау ауданында Б.Момышұлы көшесінің батысына қарай желілі жаңа саябақ салынып, 107,1 га алаңда 600-ге жуық түрлі ағаш отырғызылды.

Әлеуметтік нысандардың ішінен қала әкімі Наурызбай ауданының №36 емханасы жанынан заманауи КТ-аппараты бар диагностикалық орталықтың ашылғанын атап өтті. Сонымен қатар, Әуезов ауданындағы №186 балабақша күрделі жөндеуден өтіп, сейсмикалық күшейтіліп әрі жалдауға берілгеннен кейін қайтарылып алынды.

Алдағы күндері тағы да бірқатар нысандарды ашу жоспарланып отыр. Наурызбай және Әуезов аудандарында Nur Otan партиясының аудандық филиалдарының жаңа ғимараттары ашылады. Наурызбай ауданында №7 ҚКА қабылдау бөлімшесінің жаңа корпусы да іске қосылады. Алатау ауданының Томирис және Наурызбай ауданының «Қалқаман» шағынаудандарында жаңа мектептер ашылады. Жетісу ауданында екі жаңа ДСК пайдалануға беріледі.

Сондай-ақ, Б.Сағынтаев «Сарыарқа» және «Б.Момышұлы» метро станцияларының жақын арада техникалық іске қосылатынын еске салды.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Бұдан басқа, халықтың әлеуметтік осал топтарынан 211 отбасы «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында осы аудандағы «Мәдениет» ТК-нен пәтер кілттерін алды.

Жақында 29 жасқа дейінгі жұмыс істейтін жастар да жаңа қоныстарын тойлады. Осы санаттағы алматылықтарға барлығы 1050 пәтер бөлінеді. Қалалық «Алматы Жастары» жеңілдетілген несие бағдарламасы бойынша 926 несие берілді. Көпбалалы отбасыларға сатып алу құқығынсыз 267 жалдамалы пәтер бөлінді.

Б.Сағынтаев жалпы биыл кезекте тұрған 5394 адамның пәтер алатынын, оның ішінде «Бақытты отбасы» республикалық бағдарламасы аясында көпбалалы, толық емес және мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар үшін 1013 кредиттік заем, «Шаңырақ» бағдарламасы бойынша кезекте тұрғандардың барлық санаттары үшін 2146 кредиттік қарыз берілетінін атап өтті.

Әзірлеген Серік ЖҰМАБАЕВ.





БӘРЕКЕЛДІ!

«ДОСТАСТЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ»

Олжас Сүлейменовке табысталды



Сейсенбі күні Мәскеуде өткен рәсімде ТМД-ның 9 елінің лауреаты «Достастық жұлдызы» мемлекетаралық сыйлығын иеленді. Қазақстанның халық жазушысы, қоғам қайраткері, ақын Олжас Сүлейменов «Достастық жұлдызы» мемлекетаралық сыйлығының лауреаты атанды.

ТМД гуманитарлық ынтымақтастығы мемлекетаралық қоры баспасөз қызметінің хабарлауынша, «Достастық жұлдызы» – ТМД-ның гуманитарлық саладағы жоғары жетістіктер үшін берілетін марапат.

Гуманитарлық саладағы ең жоғары жетістіктері үшін ТМД бас марапатының иегері қазақстандық қоғам қайраткері, ақын, жазушы, дипломат және әдебиеттанушы, Қазақстанның Еңбек Ері, Халық жазушысы, «Невада – Семей» антиядролық қоғамдық қозғалысының негізін қалаушы, ЮНЕСКО қамқорлығымен мәдениеттерді

жақындастыру халықаралық орталығының директоры, «Alatau aqparat» ЖШС шығармашылық даму жөніндегі кеңесінің төрағасы Олжас Сүлейменов болды.

– Сыйлықты беру фактісінің өзі мәдениет, әдебиет және жалпы гуманитарлық білім ТМД кеңістігінде сұранысқа ие екендігін көрсетеді. Біздің мәдени және ғылыми интеграция бойынша жұмысымыз құпталады, – деді Олжас Сүлейменов.

Марапаттау рәсімі ТМД-ның 30 жылдығына арналды және ZOOM-форматта өтті.

ТҰРҒЫН ҮЙ

АРМАҢДАР ОРЫНДАЛАДЫ!

Жастарды қолдау – басты міндет



Әсел
ДАҒЖАН

(Басы 1-бетте)

Алматы қаласының әкімі Б.Сағынтаев жұмыс істейтін жастарды қолдау 2019 жылдан бастап «Нұрлы жер» жалға берілетін тұрғын үй бағдарламасының Тұңғыш Президент – Елбасының тапсырмасы бойынша жүзеге асырылып жатқанын атап өтті.

«Қаланың дамуына өз үлесін қосатын жастарды қолдау – біздің басты міндетіміз. Мемлекеттік және қалалық бағдарламалардың арқасында мыңдаған қала тұрғындары қолжетімді баспанаға ие болады», – деген Б.Сағынтаев жаңа қоныс иелерін ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен және келе жатқан Жаңа жылмен құттықтады.

Сонымен қатар, «Алматы жастары» қалалық бағдарламасы бойынша екінші жыл қатарынан тұрғын үй сатып алу үшін мыңдаған жеңілдікті қарыздар бөлінуде. Пайыздық мөлшерлеме – 5%, несие мерзімі – 25 жыл. Биыл қарыз сомасы 18 млн. теңгеге дейін өсті.

Тәуелсіздік күні қарсаңында қаланың коммуналдық тұрғын үй қорынан кезекте тұрған халықтың әлеуметтік осал топтарына 211 пәтер бөлінді. Жалпы, алдын ала есептеулер бойынша жыл соңына дейін Алматының 5400 тұрғыны баспаналы болады. Жыл басынан бері 3903 адам тұрғын үймен қамтылды. Оның ішінде «Бақытты отбасы» республикалық бағдарламасы бойынша (2-10-20) 441 несиелік қарыз, «Шаңырақ» республикалық бағдарламасы бойынша (5-10-20) 2146 несиелік қарыз берілді. «Алматы жастары» қалалық жеңілдікпен несиелендіру бағдарламасы бойынша бүгінде 973 несие берілді. Коммуналдық тұрғын үй қорынан 343 пәтер бөлінді.



Аян ӘБДІКӘРІМОВ,
ІТ-маманы:

Шыны керек, күтпеген қуаныш. Үй алуға көп адам құжат тапсырып жатқандықтан біздің үй алуға деген мүмкіндігіміз төмен болатын шығар деп ойлағам. Дегенмен, құжат тапсырып көрейін дедім де, «Жалдамалы үй» бағдарламасына қатыстым. Бүгін міне, үйдің кілтін алуға келдім. Ұзақ жылдан бері әке-шешемізбен тұрамыз. Отбасым, бір балам бар. Енді бөлек шығатын болдык. Алдағы мақсат – үй алуға ақша жинау.

Аяулым ҚҰРМАНОВА,
көпбалалы ана:

Көктем кезінде «Шаңырақ» бағдарламасы барын біліп, құжат жинай бастадым. Көпбалалы отбасы санатында үйге кезекке тұрдым. Керекті құжаттарымды жинап, төлем қабілетінен өттім. Жылдың соңына қарай үйлі боламыз деп ойламадым. Бүгін үйдің кілтін алғаным әлі де болса сенбей тұрмын. Екі бөлмелі пәтер алып жатырмыз. Балаларымның үлкені екінші сыныпта оқиды. Үш ұл, бір қызым бар, Аллаға шүкір. Заманға сай жұмысты қашықтан істеймін. Наурызбай ауданы, «Алма сити 5» ТК алып жатырмыз. 9 жылдан бері пәтерден-пәтерге көшіп жүрміз. Әрбір қазақ отбасы өз арманындағы пәтерде тұруларына тілекшімін. Бұл үймен тоқтап қалмай, тағы осындай бағдарламаларға қатысып, баспаналы болуды жоспарлап жүрміз.

Шынар АЙМҰХАНБЕТОВА,
аға лаборант:

«Алматы жастары» бағдарламасына қатысып, жұмысшы жас ретінде Аллаға шүкір пәтерлі болып жатырмыз. Жалақысы 116 мыңнан жоғары болса және тұрақты жұмысы бар, қалада тұрақты екі жыл тіркеуі болуы керек деген талаптардан өттім. Әкімнің қолынан пәтер кілтін алу өте керемет сезім. Күткен жоқпын. Әлі сол керемет сезімде тұрмын.

ЖАҢА АЛМАТЫ

КЕШЕНДІ ЖОСПАР

экономикалық өсімге жұмыс істейді



Биыл «Жаңа Алматы» кешенді жоспары қала шетіндегі мәселені шешуге ғана емес, экономикалық жағынан өсуге де бағытталды. Бұл туралы қала әкімі Бақытжан Сағынтаев өзінің Instagram парақшасында жазды.

Шаһар басшысы тұжырымдағандай, «Жалпы жоспар бойынша биыл 286 жоба жүзеге асу үстінде болса, 73 жоба болашақтың еншісіне қалдырылды. Кешенді жоспар аяқталғаннан кейін қала тұрғындарының негізгі қажеттіліктері шешімін табады. Яғни орталықтандырылған сумен жабдықтау және су бұру жүйесі, үздіксіз энергия мен газбен толық қамтамасыз етіледі».

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Мегаполисте
2025 жылға қарай
350 шақырым
жол салынады.



2022 жылы үйлер
газбен
100%
қамтамасыз етіледі.



Қала тұрғындарының
98,5%-ы
орталық сумен қамтамасыз
етілген.



Қала мектептері
спорт құрал-
жабдықтарымен
100%
жарақтандырылған.



Мегаполистің сыртқы
жарықтандыру
желілерінің ұзындығы
4815 шақырымды
құрайды.



NUR OTAN

Азаматтарды қабылдады

Рая
ЕСКЕНДІР

Nur Otan партиясының Алматы қалалық филиалының төрағасы, қала әкімі Бақытжан Сағынтаев партияның қоғамдық қабылдауында азаматтарды қабылдап, сұрақтарына жауап берді.

Қабылдау барысында шаһар басшысы Э.Нөкербековаға сурдоаудармашы қызметін алуды, сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі жандарды оқытумен айналысатын «Красивый мир» мектебі үшін ақпараттық жарықтандыру қызметіне қолдау көрсетуді тапсырды. Сондай-ақ, Алматы қаласының Полиция департаменті осы мектеп жанына нашар еститін азаматтар үшін арнайы жол белгілерін орнататын болды.

Қала тұрғыны Қ.Әбдімолдаев шаһар басшысына тұрғындардың Кәрібай ақын көшесіне күрделі жөндеу жүргізуге қатысты ұжымдық өтінішін жеткізді. Тұрғынның айтуынша, тұрғын үйлердің жанындағы жаяу жүргіншілер жолдарын

жарықтандырып, инженерлік жүйелерді реконструкциялау қажет. Бұл ретте филиал төрағасы жергілікті атқарушы органдарға тиісті шешім қабылдауды тапсырды.

Сонымен қатар, қала тұрғыны Д.Сағынтаева өзі тұрып жатқан «Теректі» ықшамауданындағы Таусоғар көшесінің бойына жөндеу жұмыстарын жүргізіп, қалпына келтіру жөніндегі өтінішін жеткізді. Тұрғынның өтінішін Алатау ауданының әкімі мен Қалалық мобильділік басқармасына бірлесіп шешу тапсырылды.

Сонымен қатар, Вольная көшесіндегі №5 үй тұрғындарының 1937 жылы салынған қаңқалы-камысты үйді бұзу немесе үйді апатты – ескі үй құрылысы тізіміне енгізу жөніндегі өтініші де жіті зерделенетін болды.

Наурызбай ауданындағы «Таусамалы» ықшамауданындағы Жанжігіт көшесінде тұрып жатқан тұрғындарының атынан өтініш айтқан В.Мерзляковтың сауалы оң шешімін тапты. «Тау Жанжігіт 4» тұтыну кооперативінің қосылуы Алматы қаласының коммуналдық қызметтері қызмет көрсететін көшелер тізіміне қосылуына ықпал етті.

МАРАПАТТАУ

БАСПАГЕРЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Серік
ЖҰМАБАЕВ

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойы – барша қазақстандық үшін орны бөлек, маңызы зор, аса қасиетті мереке. Осынау ұлық мереке қарсаңында еліміздің жер-жерінде түрлі іс-шаралар өтуде. Күні кеше ҚР Ұлттық мемлекеттік Кітап палатасы Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай ауқымды мерекелік шара ұйымдастырды.



Суретті түсірген Самат ҚУСАЙЫНОВ.

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының Үлкен концерт залында өткен салтанатты жиында бір топ баспагерлер «Кітап мәдениетіне қосқан зор үлесі үшін» медалімен марапатталды. Салмағы жоғары бұл марапатқа біздің әріптесіміз, Almaty-akshamy.kz веб-сайтының шығарушы редакторы Бақыт Ойса да ие болды. Баспа ісінің шебері Бақыт Бекболатұлы жақында ғана Мемлекет басшысының атынан «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған болатын. Мерейлі марапатқа ие болған әріптесімізді құттықтай отырып, алдағы уақытта да биік белестерден көріне беруіне тілектеспіз.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әділ ҚОЙТАНОВ, ҚР Ұлттық мемлекеттік Кітап палатасының директоры:

– Тәуелсіздік – баршамыз үшін қасиетті ұғым. Біз Тәуелсіздікке дейінгі және Тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақытты қатар көрдік. Егемендікке жетер ештеңе жоқ. Азаттықтан ардақты ұғым таппайсыз. Бүгінгі күні мемлекетіміз әлемге танымал, қуатты әрі бақуатты елдер қатарына қосылып отыр. Болашақ – жастар қолында. Біз бәріміз – болашақ үшін бүгінгі күннің тарихын жазып отырған мамандармыз. Сондықтан бүгін түрлі марапатқа ие болып отырған баспагерлерге табыс тілеймін.

ҚОҒАМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК



ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Серік
ЖҰМАБАЕВ

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров шаһарда сервистік полиция моделін енгізу жөніндегі жұмыс тобының отырысын өткізді. Отырыс барысында «Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі сервистік тәсіл» пилоттық жобасын іске асыру барысы қаралды.

Сервистік полицияның пилоттық жобасы Алатау ауданы аумағында жүзеге асырылуда. Басты мақсат – жергілікті тұрғындармен әріптестік арқылы қоғамдық қауіпсіздік деңгейін арттыру.

Отырыста құқық тәртібін қамтамасыз ету мәселелерін шешу жөніндегі арнайы ведомстваралық топтың жұмысы туралы есеп тыңдалды. Бұдан басқа, жаңа форматтағы

жұмыстың туындаған мәселелерін шешу жөніндегі шаралар қаралды.

ЕҚЫҰ-ның ұлттық азшылықтар жөніндегі Жоғарғы Комиссарының түрлі қоғамдарды біріктіру жөніндегі Люблиндық ұсыныстарына сәйкес арнайы топқа ауданда тұратын ұйғыр, қырғыз және дүнген қауымдастықтарының өкілдері кірді.

Отырыста адам құқықтары жөніндегі Хартияның атқарушы директоры, Президент жанындағы ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшесі Жеміс Тұрмағамбетова, сондай-ақ Алатау ауданы әкімінің штаттан тыс кеңесшісі, Алатау ауданы ЖПҚ ПБ-ның қоғамдық полиция көмекшісі Әсел Жұмағалиева өз ұсыныстарын айтты.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров отырыстың жұмысын қорытындылай келіп, жобаны іске асыру барысында әлеуметтік сауалнаманың алдын ала тұжырымдары мен қоғам қайраткерлерінің ұсыныстарын ескеруді тапсырды.

КОМИССИЯ

АНА МЕН БАЛАНЫ ҚОРҒАУ

мәселелері талқыланды

Серік
АНАРБАЙҰЛЫ

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаровтың төрағалығымен Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі қалалық комиссияның отырысы өтті. Онда 2021 жылдың жұмыс нәтижелері мен келесі жылға арналған жоспарлар қаралды.

Кездесуге қатысушылар әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, ана мен баланы қорғау, сондай-ақ, өзекті проблемаларды шешу бойынша тиімді тәсілдерді әзірлеу мәселелерін талқылады.

Комиссия төрағасы орынбасарының міндетін атқарушы Сана Жандай атқарылған жұмыс туралы есеп берді. Әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы қалалық Полиция департаментінің өкілі Гүлбану Сабралиева баяндады. Ана мен баланы қорғаудың өзекті мәселелері, оларды шешу жолдары бойынша Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасы басшысының орынбасары Лаура Мыр-

зағали айтып берді. Әйелдердің қоғамдық және құқық қорғау ұйымдарының өкілдері де өз пікірлерімен және ұсыныстарымен бөлісті.

Отырыс қорытындысы бойынша қала әкімінің орынбасары Е.Бабақұмаров комиссияның жұмысын барлық бағыттар, соның ішінде әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық фактілеріне жол бермеу бойынша күшейтуді тапсырды. Сонымен қатар, отбасы институтын нығайту, қиын жасөспірімдерді бейімдеу және әлеуметтендіру, әйелдер мен балалардың мүдделерін қорғау бойынша мемлекеттік органдардың жұмысын үйлестіру бойынша пәрменді шаралар әзірлеу қажеттігін атап өтті.

Сондай-ақ, Е.Бабақұмаров тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша сервистік полиция жобасының элементтерін зерделеуді және практикада қолдануды ұсынды.

Талқылау барысында шешуді талап ететін өзекті мәселелерді анықтау үшін ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту және әлеуметтік сауалнамалар жүргізу бойынша ұсыныстар енгізілді.

КӨРМЕ

«Тәуелсіздік тағылымы – 30»

Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасында «Фотоөнер» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен, Қазақстан авторлары қоғамы мен ҚР Ұлттық кітапханасының қолдауымен Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік тағылымы – 30» атты фотокөрме ашылды.

Мерейтойлық көрмеге тарихи оқиғаларды, ұлттық салт-дәстүр мен өңірлердегі қызу тіршілікті қалт жібермеген үздік фотожурналистердің туындылары қойылды. Фотокөрмені тамашалаған көрермен



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

мұндағы әрбір суреттен халқымыздың азаттық алған жылдағы «ақ түйенің қарны жарылған» қуанышынан бастап, оны қалыптастырудағы қиуар еңбекке куә болды.

Көрмеге 100-ге жуық туынды қойылды. Олардың авторлары елімізге белгілі фототілшілер: Иосиф Будневич, Рахымбай Ханалы, Мұрат Мәмбетов, Нұрғожа Жұбанов, Жүнісбек Пайызов, Сиез Бәсібеков, Қайрат Мұстафин, Дендербай Егізов, Сайлау Пернебаев, Қалиғұмар Қабдешұлы, Анатолий Устиненко, Есімхан Орынбаев, Болат Омаралиев, Нұрманбет Кизатұлы, Жаксылық Тұрлыбеков, Александр Павский, Шүкір Шахай, Юрий Беккер, Айтжан Мұрзанов және Ерлан Омаров, Жәніс Ыскабай, Максат Шағырбай.

РЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.



ЖАДЫҢЫЗДА ЖҮРСІН!



«Сақтансаң, сақтайды»

Асқар МАМИН,
ҚР Премьер-Министрі:

— Жалпы эпидемиологиялық жағдай тұрақты деуге болады. Инфекциялық және реанимациялық орындардың жүктемесі 19%-ды құрап отыр. «Жасыл» аймақта — 15 өңір, «сары» аймақта 2 өңір бар. Дегенмен, санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау, әсіресе, мемлекеттік шекарада мұқият қадағалау қажет.

Қазіргі уақытта шамамен 9 млн. адам бірінші компонентті салдырды, бұл 18 жастан асқан халықтың 80%-ына жуығы, ал 8,4 млн.-нан астам адам екінші компонентті салдырды, бұл — шамамен 75%. Сондықтан Денсаулық сақтау министрлігі мен әкімдіктер вакциналау және ревакциналау қарқынын ұлғайтуға ерекше мән беруі тиіс.

Жандос БҮРКІТБАЕВ,

ҚР Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы:

— Республикада оң ПТР-тестімен коронавирус инфекциясының 984 079 жағдайы және теріс ПТР-тестімен 83 732 жағдайы тіркелді, науқастардың 96%-дан астамы сауығып шықты. 18 852 науқас емдеуді жалғастыруда. Жалпы, Қазақстанда соңғы төрт айда сырқаттану 16 есеге төмендеді.

Инфекциялық және реанимациялық төсектердің пайдаланылуы 19%-ды көрсетті, соңғы үш айда емдеуді жалғастыратын адамдар саны 4,5 есеге азайды (қыркүйек айындағы 84 268-ден желтоқсан айында 18 852 науқасқа дейін).

Айжан ЕСМАҒАМБЕТОВА,

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің төрағасы:

— Эпиджағдайдың оң немесе теріс бағыт алуы әрқайсымызға қатысты. Индеттен сақтану талаптарын орындамасак жағдай қазір-ақ өзгереді. Бірінші кезекте коронавируска қарсы вакцина алуымыз керек, ал вакцина алған жағдайда карантин талаптарын сақтауымыз қажет.

Бетперде тағу, әлеуметтік арақашықтықты сақтау әлі өз күшінде. Оның үстіне алдымызда мереке және бірнеше күндік демалыс келе жатыр. Жаңа-жылдық кешке барардың алдында ойланған жөн. Вирус әлі жойылған жоқ, керісінше оның жаңа түрлері пайда болып жатыр.

Бүкіл әлем айтып жатқан «омикрон» туралы әлі күнге дейін нақты бір дерек жоқ. Біздің басты қару — ол сақтану, алдын алу. Сондықтан жаңажылдық ойын-сауыққа барар алдында тағы бір ойланайық, барғанның өзінде вирустан сақтану шарасы туралы ұмытпағанымыз абзал.

БРИФИНГ

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ВАКЦИНАЛАУ ӨТЕ МАҢЫЗДЫ

Алматы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифинг барысында қаладағы №14 емхананың жалпы практика бөлімінің меңгерушісі Роза БЕКБАЕВА эпидемиологиялық ахуалдың тұрақтылығына қарамастан, қала тұрғындарын вакцина алуға шақырды.

Дәрігер атап өткендей, олардың емханасында тұрғындар бұған дейін белсенді түрде вакцина алып, қайта вакциналануда. Бүгінгі таңда медициналық мекемеде барлығы 34 800 тұрғын тіркелген. Оның ішінде 15 мыңға жуығы бала. Тіркеудегі тұрғындардың 23 мыңы ковидке қарсы екпе алған. Жалпы, иммундау науқаны басталғалы бері вакцинаның екі компонентін де 15 283 адам салдырған. Ревакциналаудан 1022 адам өткен.

Роза Бекбаева алматылықтардың арасында үшінші мәрте екпе алу үшін келіп жатқандардың да барын атап өтті. Спикер алғашқы вакциналаудан кейін 9 айдан кейін үдеткіш вакцинаны алған дұрыс екенін тілге тиек етті.

60 жастан асқан адамдарға, созылмалы аурулары бар жандарға вакциналаудың барлық кезеңінен өту өте маңызды екендігін де айтты.

«Вакцина алудан емес, аурудың салдарынан қорқу керек. Корона-

вирусқа қарсы вакцина салдырмаған азаматтардың азғасы бұл індетке қарсы тұра алмайды. Бұл — статистика ғана емес, шындық», — деді дәрігер.

Медицина қызметкері вакциналау 12 жастан асқан балаларға, емізулі баласы бар және жүкті әйелдерге ұсынылғанын атап өтті. Бүгінгі күні бұл топтағы адамдар Pfizer препаратымен егілуде.

«Коронавирустық инфекция балаларға да жүзады. Әрине, жалпы алғанда балалар ересектермен салыстырғанда ауруды жеңіл өткереді. Бірақ кейбір адамдардың денесі стандартты емес иммундық жауап бере алады, бұл көп жүзіелі қабыну синдромы деп аталады. Бұл өте қауіпті. Сондықтан үнемі көпшілік ортада жәі болатын белсенді жасөспірімдерді вакциналау өте маңызды», — деді Р.Бекбаева.

МАМАН ПІКІРІ

Екпе алу — бірден-бір дұрыс шешім



Алматыда 12 жастан асқан балаларды коронавируска қарсы вакциналау жалғасуда. Бүгінде 18 399 жасөспірім егілді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте қалалық №16 емхананың педиатр-дәрігері Зәмзәм МОЛДАҒАЛИЕВА айтты.

З.Молдағалиева жасөспірімдер гормондық қайта құрылымдау жүріп жатқан балалардың ерекше тобы екенін атап өтті. Олардың жас балалардан айырмашылығы — аурудың жоғары қаупіне ие, сонымен қатар, олар әлеуметтік белсенді және инфекцияның қоздырғышы болып табылады. Сондықтан үлкен мен кішінің бір-бірімен етене араласып жататын осынау күнделікті тіршілігінде жұкпалы вирусты ауыздықтаудың жалғыз жолы — екпе алу.

«Біздің елімізде жасөспірімдерді Comirnaty препаратымен (Pfizer) вакциналау биылғы 12 қарашада басталды. Бұл — жасөспірімдерді вакцинациялау үшін ДДСҰ ұсынған жалғыз вакцина. Бұл препарат әлемнің 20-дан астам елінде балаларға

егуге рұқсат етілген. Біздің балалар вакцинаны қабылдап жатыр, ешқандай жанама әсерлер тіркелген жоқ. Тек инъекция орнын ауырсыну, ісіну және қызару байқалған. Бұл қалыпты жағдай», — деді педиатр-маман.

Ол қарқынды вакциналаудың арқасында жүздеген мың қала тұрғынын індеттің ауыр ағымынан қорғауға мүмкіндік туғанын атап өтті. Сондықтан ата-аналардың жасөспірімдерді вакциналауға келісім беруі өте маңызды деді.

Себебі, вакцина балалардың өздерін ғана емес, айналасындағыларды да қорғайды. З.Молдағалиева қысқы демалыс басталғанға дейін 12 жастан асқан балаларға коронавируска қарсы екпе салдыруға шақырды. Сондай-ақ, ата-аналар оларға қолды үнемі жуып, бетперде тағып жүруді ескертіп отыру қажеттігін айтты. Ересектер де жаппай вакциналануға тиіс.

Бүгінгі таңда ұсынылған екпелік препараттардың бәрі халықаралық стандарттарға сәйкес және азға үшін қауіпсіздігі дәлелденген. Сондықтан да коронавируска қарсы вакцина кейбіреулер айтқандай бедеулікке де, организмдегі мутация процестеріне де әкеп соқтырмайды. Мамандар пікірі осындай.

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

«Бесінші толқын» басталды



азайтуға қауқарлы деп отыр сарапшылар. Тақырыпқа орай айта кетсек, АҚШ-та «омикрон» штамын жұқтыру көрсеткіші бір аптада 10%-дан 73%-ға бір-ақ көтерілген.

ИЗРАИЛЬ жерінде індеттің «бесінші толқыны» басталды. Кейінгі екі айдан бері тұңғыш рет тәулігіне бір мыңнан аса адамнан ковид анықталуда. Жергілікті ауруханаларда жұкпалы ауруларды емдейтін бөлімдер қайта ашыла бастаған. Дегенмен, әзірге локдаун жариялау туралы шешім қабылданған жоқ. Билік халық наразылығынан қауіптеніп отырған сыңайлы.

ФРАНЦИЯ полициясы 180 мыңнан астам жалған ковид-төлқұжатын анықтаған. Өткен аптада құқық қорғау органдары жалған ковид сертификатын сату бойынша 400 қылмыстық іс қозғаған. Бұл шара мемлекетте КВИ-ді жұқтырғандар санының күрт артуына байланысты қолға алынған.

БЕЛЬГИЯ оқушылары «омикронның» белең алуына байланысты мерзімінен бұрын демалысқа шығады. Қазір КВИ жұқтырған адамдардың әрбір бесіншісі осы штаммен ауырған. Бұл елде 10 тұрғынның 9-ы ковидке қарсы екпе салдырған. Соның нәтижесінде пандемияның «төртінші толқыны» кезінде кісі өлімі азайған. Алайда, «омикрон» жылдам тарап, аландаушылық тудырып отыр.

ПОРТУГАЛИЯ дәрігерлері 5—11 жас аралығындағы балаларға вакцина салуды бастады. Жоспар бойынша демалыс күндері 61 мың бала егілуге тиіс. Ал наурыз айының соңына дейін осы жас аралығындағы балалар 100% вакцина алуы керек. Бұл үшін Pfizer компаниясынан қосымша 300 мың доза препарат осы айда жеткізілуі тиіс көрінеді.

ШИПАГЕР



Жүрегі қайта соқты

Шаһардағы Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институтында бірден екі ауруға, дәлірек айтсақ, жүрек ырғағының бұзылуын және жүректің кемістігін емдеуге бағытталған ашық жүрекке криоабляция операциясы жасалды.

Криоабляция бүгінде тек қана осы институтта жасалады. Операция үстеліне жатқызылған кезекті пациент 64 жастағы әйел болатын. Ол алдағы жаңа жылда әдеттегі қалыпты өміріне орала алады, яғни толықтай оңалып кетуі үшін бір айға жуық уақыт керек.

Жасанды қанайналым зертханасы мен операция блогы бар кардиохирургия бөлімшесінің меңгерушісі Рүстем Төлеутаевтың айтуынша, криоабляция — заманауи

және сенімді технологиялардың бірі.

«Жүректің қақпақшалық кемістігінің салдарынан көбіне жүрек ырғағы бұзылады. Бүгінгі таңда біз жүрек ырғағының бұзылысын емдеу үшін жаңа технология — криоабляцияны пайдаланамыз. Бұған дейін жылу энергиясын пайдалансақ, бүгінде медициналық азотпен суық энергияны қолданамыз. Бізде осындай операциялар жасаудың тәжірибесі бар және олардың қаншалықты жақсы нәтиже

беретінін көріп отырмыз», — дейді дәрігер.

Криоабляция жасау үшін көрсеткіштерге пароксизмальды немесе тұрақты нысандағы болсын, жүректің қақпақшалы кемістігі мен ырғағының бұзылуы жатады. Қарсы көрсеткіштер жоқ, тіпті тромб болған жағдайда хирургтар араласады да, оны алып тастайды.

Сонымен бірге, криоабляция тромбозмобилиялық асқынұлар мен инсульттардың алдын алуға көмектеседі. Дәрігердің айтуынша, инсульттардың шамамен 80%-ы жүрек ырғағының бұзылуынан болады. Операция 4-5 сағатқа созылады. Қазақстандықтарға әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры есебінен операция тегін жасалатынын айта кету керек.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШЕВА.



«WORLD SKILLS KAZAKHSTAN»

ӨНЕРТАПҚЫШ ӨРЕН

Диас Жансерік кабельдік жүйелерді қиыннан қиыстыратын маман

Динара
МУРАТ

Кез келген кәсіп – нәсіп. Біз байқамайтын маңызды мамандықтар қаншама! Мысалы, үйіңізге интернет желісі қалай тарайтынын білесіз бе? Кабельдік жүйелерді құрастыратын кімдер? Диас Жансерік есімді студент – қазірдің өзінде кабельдік жүйелерді қиыннан қиыстыратын маман. Жоғарыда айтылған WorldSkills ұлттық чемпионатының ақпараттық кабельдік желілер санаты бойынша қатысушысы бұл мамандыққа қалай келгенін, дайындық барысымен таныстырған болатын.

Ақпараттық кабельді жүйе адамдарға интернет желісіне кіруге мүмкіндік береді. Кез келген компьютерді интернетке жалғау үшін роутер керек, ал ол құрылғы біз айтып отырған ақпараттық кабельдер арқылы ғана жалғанады. Осындай маңызды мамандыққа біздің кейіпкер арман қуып емес, ұзақ толға-ныстан кейін келгенін айтады.

«Шыны керек, бұл салаға арман қуып

келген жоқпын. Басында бағдарламашы болғым келді, кейін айнып қалдым. Себебі, маған тек баспен ғана емес, қолмен де жұмыс істейтін сала жақын екенін түсіндім. Сол себепті, таңдауым осы кабельдік желілер саласына түсті. Мұнда алдымен барлығын қолмен құрастырып, кейін оны ақылмен қажетті күйге келтіру керек», – дейді Диас.

Бұл сайысқа қала атынан алғаш бағын сынаған Диас жергілікті конкурстан мүдірмей өтті. Келесі республикалық додаға жолдама алуға барынша тырысатынын айтып, сол мақсатта өз қолымен жаттығуға арналған стенд жасапты.

«Жеңіске жету үшін тыңғылықты дайындық керек. Өз қолыммен жаттығуға арналған мына стендті жасап шықтым. Кабельді желілерді өткізуге мүмкіндік беретін бұл конструкцияны жасауда металл мен ағаш қолдандым. Осы стендтің көмегімен тез арада кабель құрып, олардың араларын дұрыс жалғауда шыңдала түсуге болады», – дейді студент.

Мегаполис төрінде, Алматы политехникалық колледжінің қабырғасында VI «WorldSkills Kazakhstan» ұлттық чемпионаты өз мәресіне жетті. 2 аптаға созылған додада еліміздің 17 өңірінен келген 450-ден астам жас маман өз саласында жеңіске жетіп, үздіктердің үздігі болу үшін WorldSkills-тің 30 негізгі және 40-тан астам қосымша құзыреттіліктері бойынша өтті. Жеңімпаздар Нұр-Сұлтан қаласында марапатталады. Ал біз әзірге қаламыздың намысын қорғап жүрген дарынды жастармен жақынырақ танысатын боламыз.

Жалпы, конкурста алдымен қажетті желілерді өткізу, кабельді тапсырмаға сәйкес құрастыру бағаланады, ал кейін іс жүзінде жұмыс істеу қабілеті қарастырылады. Мысалы, Диас бір кабельді құрастырғаннан кейін дайын канал пайда болды. Сол арқылы интернет, үлкен деректерді өткізу мүмкіндігі туды. Аталмыш стенд додада құрастырылатын стендтің кішірейтілген түрі болғанымен, барлық функционалдары бірдей екен. Жас жігіт оны да аз көріп, тапсырманы барынша қиындатып, жылдамдығын жеделдетуді мақсат тұтқанын айтады.

«Өздеріңіз көріп отырған стендте коммутаторлар, 5 санатты оптикалық кросстар, IP камералар, роутерлер мен оптикалық желілерге арналған муфталар мен кабельдердің өзі орналасқан. Мен конкурстан алдын ала келген тапсырманы өзім үшін қиындапта түстім. Қарапайым құрастыруда барлығын жинап, бір-бірімен байланыстырып, бір муфтан орната салу жеткілікті. Ал мен бір емес, екі муфтан орнатып, үшіншісін күтудемін. Мұндағы кез келген артық қимыл біраз уақытты алады, менің мақсатым – аз уақыттың ішінде ауқымды жұмыс атқару», – деп ойымен бөлісті өнертапқыш.

КӘСІП – НӘСІП

Толықтай автоматтандырылған зауыттың кішігірім прототипін көргенсіз бе? Колледж студенті Александр Швецов пен оның досы кішігірім зауыт құрастырып, арнайы бағдарламалау тілі арқылы оны толық іске қоса алған. Құрастырылған өнеркәсіп орны жеке 4 модульден тұрады, онда түрлі қызметке жауап беретін станциялар орналасқан. Сайыс барысында модульдердің екеуін жинауға 3 сағаттан, үшіншісіне 4 сағат берілсе, төртінші модуль жеке қосылады. Автоматты түрде дәлденген контроллерлер орнатылған модуль бөлшектемей, зауыттан дайын күйінде келеді екен.

Өздеріңіз байқағандай, құрастырудан бөлек, әр бөлшекті жұмыс істететін бағдарламаның сыр-қырын білетін адам керек. Сондықтан додаға екі адам қатысады. Александр монтажшы болса, әріптесі – бағдарламалаушы. Біздің кейіпкеріміздің міндеті станцияны жинау болса, досы әр қимылға бағдарлама жазады.

Кейіпкеріміз бізге таныстырған станция «Модуль Абу-Даби» деп аталады. Себебі, мұндай алғашқы станция аталмыш қалада құрастырылған. Таза тақтайға аталған 4 модуль орнатылады. Бірінші модуль – handing (орналастыру) барысында белгілі бір зат магазинге жүктеледі. Одан әрі көтергіш құрылғымен сұрыптауға жіберіледі. Мысалы, зат ретінде «қызыл» мен «қара» қақпақты алар болсақ, біріншісі сұрыптаудан өтіп, жолын жалғастырады, екіншісі жарамсыз деп танылып, арнайы қоқысқа жіберіледі. Bootling модульінде белгілі бір ыдысқа сусымалы материалдар құйылады, жартылай дайын өнім Joining модуліне түсіп, онда қақпақ жабылады. Соңғы Packing аялдмасында дайын өнім орамамен қапталыды.

Осындай көпфункционалды зауыттың іске қосылуы үшін екі қатысушының да біраз тер төгуі қажет. Жалпы, станция датчиктерден тұратын электроника мен ауадан тұратын пневматика арқылы жұмыс істегендіктен Александр зауытты құрастырып қана қоймай, барлық реттеу жұмыстарымен айналысады. Ауаны қажетті қалыпқа келтіру, датчиктердің істен шықпауы – барлығы оның қызырында. Сайыс барысында қойылатын талаптар мен міндеттер жайлы Александр толықтыра түсті.

«Алдымен таза жұмыс тақтасы беріледі. Барлық модульдер бөлшектелген түрде болады. Станцияны құрастыру бойынша қажетті құжаттар (нұсқаулық) беріледі. Мысалы, мына станцияның бірнеше қызметі

АВТОМАТТЫ ЖҮЙЕ

адамдарды ауыр да қауіпті жұмыстан босатады



болуы мүмкін, оған қоса станцияның саны да шектелмейді. Сондықтан барлығы құжаттар мен басты сарапшығы байланысты. Нұсқаулықта станцияның сыртқы келбеті, функционалы, бағдарламалау тілі барлығы ескерілген. Функциялар құжаттарда көрсетілгендей болуы тиіс. Артық, кем тұстары болмауы керек», – дейді Александр.

Бағдарламалау тіліне келер болсақ, барлығы «биттерде» жазылады екен. Мысалы, 5 бит «затты көтеру» әрекетіне жауап береді. Сөйтіп, әр бұйрыққа алдын ала бағдарлама жазылады. Әр қимыл, іс-әрекет – бағдарлама, барлық жүйе «датчиктер» мен «таймерлер» арқылы жұмыс істейтіндіктен, олар алдын ала дәлденеді, тексеріледі. Ортақ бағдарламаның арқасында зауыттың басым бөлігін қарапайым планшет арқылы басқаруға болады екен.

Алайда, жеңіске жету үшін сапалы құрастыру мен мүдірмейтін бағдарлама азық етеді екен. Үздік атану сайыс соңында жобаны ұтымды қорғап шығуға да байланысты. Құрастырылған кішігірім зауыт жайлы жан-

жақты айтып, қандай міндеттер атқаратынын нақты жеткізу керек. Бас сарапшы жарнама компаниясына да баға береді.

Жоғарыда айтылған принцип бойынша еліміздің «Рахат», «Ақсай нан» сынды біраз ірі зауыттары жұмыс істейді. Қазір кәсіпкерлердің көбісі жұмысты оңтайландырып, уақытты үнемдеу үшін үшін автоматты жүйеге көшуде. Одан бөлек, адамдардың ауыр немесе қауіпті жұмыстан босату да себеп болды. Мұндай машиналар сына қалған жағдайда бөлшектерін ауыстырып, жұмысты қайта жандандыруға болады. Сондықтан Александр сынды мамандар бүгінгі күннің қажеттілігі.

«Мен осы тақырып төңірегінде әлі де білімді тереңдеткім келеді. Білу керек дегеннің барлығын зерттеп, тәжірибе жинақтауым қажет. Кейін өндіруші компаниялардың біріне жұмыс істеуге болады. Алайда, ізденісім жемісін беріп, алға басып жатса, өз құралымды да ойлап табамын деп ойлаймын», – деп сөзін аяқтады кейіпкеріміз.

БАЛА – БОЛАШАҚ

Балабақшадағы
«Тұзды шахта»Рая
ЕСКЕНДІР

Түркісіб ауданында орналасқан «Жас қанат» ықшамауданындағы №187 бөбекжай-балабақша бүлдіршіндері мен ата-аналары ерекше қуанышты оқиғаның куәсі болды. Мерекелі жылға тарту ретінде балабақшада «Тұзды шахта» сауықтыру бөлмесі ашылып, пайдалануға берілді. Арнайы тексеруден өтіп, барлық сақтық шаралары сақталған бөлме балақайлардың саулығы үшін қызмет ететін болады. «Тұзды шахтаның» ашылу салтанатына аудандық «Ұстаз» кәсіподағының төрайымы Бижамал Бакторазова қатысты.



Суреттерді түсірген Сауат ҚУСЫЙНОВ

Мұндай сауықтыру бөлмесі көбіне емдеу-сауықтыру орындарында ғана болатыны белгілі. Дегенмен, жаңашыл, ізденімпаз басшы Фарида Омарбекова мұндай бөлменің балабақшада да іске қосылғанын жөн деп тауыпты. Оның өзіндік себебі де бар. Әсіресе, қыс мезгілінде балалар арасында суық тиіп, ауырып қалу жиі кездесіп жатады. Дәл осы кезде аталмыш бөлме бала ағзасындағы дәруменнің де міндетін атқарады. Салауаттылық үшін пайдасы зор әрі басқа да көмегінің көп екені белгілі.


Балабақшада «Тұзды шахта» сауықтыру бөлмесін ашудағы басты мақсат – бүлдіршіндерді суық тиюден сақтап, олардың тұмауға қарсы иммунитеттерін қалыптастыру. Сонымен қатар, сауықтыру бөлмесінің жас балалар арасында жиі кездесетін бронхит, созылмалы бронхит, жүрек-қан аурулары, невроз, демікпе, аллергия, тері аурулары (экзема, дерматит) кезінде зат алмасуды жақсартуға да көмекі зор болмақ.

– Тұзды бөлмеге 4-5 бала топтанып кіріп, 20 минут отырады. Осылайша балалар 10 сеанс қабылдайды. Бөлменің қабырғалары мен едені тегіс тұздан жасалып, натрий хлоридінің құрғақ аэрозолін иашып тұратын Галогенераторлар құрылғысы орнатылған. Сонымен қатар, мұнда тұзбен қоса күрделі магний, кальций, калий сияқты пайдалы минералдар да бар. Галогенератор – натрий хлоридінің құрғақ арнайы аэрозолін шашатын арнайы құралы. Тұзды сауықтыру бөлмесіне кіру үшін, ең алдымен, дәрігермен кеңесіп, балалардың ешқандай қарсы көрсеткіші жоқ екендігін жіті тексеріп аламыз. Егер балалардың қызуы көтеріліп, созылмалы құрғақ жөтелі байқалса, ондай жағдайда тұзды бөлмеге кіруге тыйым салынады, – дейді Фарида Қызырханқызы.

Әншейінде ақ халат киген апаларын көргенде алыстан қорқатын балақайлар қазақы нақышпен көмкеріліп, ішінде қобыз бен домбыраның үні төгілген бөлмеге қуана кіріп, алаңсыз ойынға кіріседі. Мұндай сауықтыру бөлмесі қала көлемінде мектепке дейінгі мекемелер арасында алғаш рет ашылып отыр.



Табло неге жұмыс істемей тұр?



Редакцияға Марал Қуанышбекқызы есімді тұрғынымыз хабарласып, Тимирязев көшесінің бойында орнатылған электронды тақталардың істемей тұрғанын айтты.

«Электронды таблолар арқылы келе жатқан көліктің нөмірін көру өте ыңғайлы. Бірақ қазір «Ата-кенттегі» табло ғана істемейді?», – дейді ол.

«Ақылды тақталарда», негізінен, көлік кептелісі мен автомобиль ағынының

жылдамдығы көрсетіліп тұрады. Табло сонымен қатар, қандай көлік келе жатқанын, қай жерде жаяу жүргіншілер жолы мен автотұрақтар бар екенін алдын ала ескертіп тұратынымен де құнды. Қалалық мобильділік басқармасы өкілдерінің айтуынша, бұл сауалға «АлматыҚала-Жарық» мекемесі жауап беруі керек. Қазірше біз аталмыш мекемемен байланыса алмай отырмыз. Әлеуметтік желідегі паракшамыз арқылы да сауал тастадық. Өзірге жауап жоқ.

БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ

Редакциямызға жиі телефон шалып, толғандырған мәселелерді айттып тұратын оқырмандар көп. Солардың қатарында Гүлжамал апай да бар. Басылымды үзбей оқып тұратын ол осыдан бір-екі ай бұрын Брусиловский, 249 мекенжайындағы үйдің ауласында, нақтырақ айтқанда, есіктің алдындағы орындықтардың алынып тасталғаны жөнінде айтты, соларды қайтадан орнына қойып беруін өтінген еді. Біз бұл туралы газетіміздің қазан айындағы (14.10.2021, №24) нөмірінде жазғанбыз. Алайда, өтініш диттеген жеріне жетпеген сияқты. «Басы ауырмағанның Құдаймен ісі жоқ» демекші, бізді ойлап жатқан жанның қарасы көрінер емес. Өсіресе, жаңбырлы күндері бұл орындықтардың бізге көмегі көп еді. Азық-түлік алып келгенде сөмкемізді қоятынбыз. Жерге қойсаң кір болады. Кейде күн шуақта демалып отыруға да ыңғайлы болатын. Кімге кедергі болғанын білмедік. Орындығымызды қайтарсаңыздар екен?» дейді. Оқырманмыздың айтуынша, бұл аумақта қаланың абаттануына қатысты көптеген өрескел дүниелер бар. Мәселен, Сәтбаев пен

«Орындығымызды қайтарыңыздар»



Брусиловский көшелерінің бойындағы (АДК сауда үйіне қарама-қарсы) арықтардың барлығы цементпен жабылып тасталған. Қалада жаппай абаттандыру жұмыстары жүріп жатқан кезде, арықтарды бұлай «жөк» етіп жіберу қаншалықты дұрыс?» дейді ол.

Гүлжамал апайымыздың сауалын біз әлеуметтік желідегі паракшаға жүктедік. Ондағы тұрғындардың пікірі екіге бөлінді. Бірі есік алдына скамейка керек емес, себебі, оған кешке қарай қаңғы-бастар немесе жастар келіп отырып алып, түнде мазаны алады десе, екінші топ, керісінше, бір мезгіл демалып отыру үшін қажет дейді.

Біз оқырманмыздың өтінішін жеткізбек болып, Бостандық ауданы әкімдігіне бірнеше мәрте хабарластық. Бірақ телефонға жауап берер адам табылмай жатыр. Соған қарағанда, ауданның жауапты сала мамандары тыным таппай «жұмыс» істеп жатыр-ау дейміз...

ӘУЕЗОВ АУДАНЫ



«Монша салуға қарсымыз»

«Ақсай-1 А» шағынауданындағы №10 үйдің тұрғындары редакциямызға хат жолдапты.

Хаттың мазмұнынан түсінгеніміз, үйлерінің жанынан үлкен монша салынатын көрінеді. Алайда, оған сол маңдағы тұрғындардың барлығы қарсы. «Біздің 12 қабатты үйімізде 72 пәтер бар. Қатар тұрған №9 және №10 үйдің ауласында балалар ойнайтын шағын ғана жазғы алаң орналасқан. Ауламыздың аумағы да азғантай. Енді дәл осы үйдің ауласынан Монша-кір жуу кешенін салмақшы. «Біріншіден, тығыз орналасқан көпқабатты тұрғын үйлердің ортасынан монша салудың қаншалықты қажеттілігі бар? Бұл құрылыс біз үшін өте қолайсыздық тудырады. Монша болған соң болашақта иіс-қоңысты айтпағанда, айқай-шу болатыны анық. Өйткені, жекеменшік моншаларға келіп-кетушілер көбе-

йеді. Жеңіл жүрістілердің де мекені болып кетуі әбден мүмкін. Екіншіден, егер құрылыс салынатын болса, 72 пәтерлік екі тұрғын үйдің балалары моншаның іргесінде ойнай ма? Балаларымыздың қауіпсіздігіне кім жауап береді? Жаз кезінде осы екі үйден шыққан балалар үшін аула онсыз да тар. Ол аз десеніз, осы құрылыстың дәл іргесінде балабақша бар. Қазіргі таңда монша салынатын орын қоршалып, құрылыс басталды. Көпқабатты төрт-бес үйдің ортасында күндіз-түні тарс-тұрс көбейді. 10-шы үйдің тұрғындары қарсылық білдіріп, аулаға да шықты. Бірақ құрылыс иесі «менің сатып алған жерім, не салсам да өзім білемін» деп отыр. Біз моншаның салынуына түбегейлі қарсымыз» дейді.

Істің мән-жайын білмек болып Әуезов ауданының Тұрғын үй ша-

руашылық бөліміне хабарластық. Жауапты мамандар бұл мәселеге байланысты тұрғындар Алматы қаласы Қала құрылысын бақылау басқармасына Алматы қаласы Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасына немесе OpenAlmaty сайтына хат жазулары керек екенін айтты.

Күні кеше тұрғындар жазған хатқа Алматы қаласы Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасынан жауап келіпті. Мамандардың айтуынша, олар монша салуға рұқсат бермеген. Жер қожайыны сотқа беріпті. Ал сот процеске урбанистика басқармасының өкілдерін қатыстырмай шешім шығарған. Енді тұрғындар мәселені түбегейлі шешу үшін Алматы қаласы Қала құрылысын бақылау басқармасына хат жолдапты. Қазірше әлі жауап келмеген. Ал тұрғындар нақты шешімге келіп: «Біз монша салуға қарсымыз» деп отыр.

ТҮРКСІБ АУДАНЫ

Қараңғы көше – қауіпті

Алмаз Қалиев есімді тұрғын Майлин көшесіндегі №99, №100 үйлердің арасындағы көріністің суретін жолдапты.

Айтуынша, сурет бүгін түсірілген. Ол: «Қараңыз, жарық беретін бағана құлауға шақ тұр. Қараудың өзі қорқынышты. Ағаштардың жағдайы мынау. Ешқандай санитарлық кесу жұмыстары жүргізілмеген. Бір сөзбен айтқанда, мынадай апатты жағдайдағы көшемен жүру кез келген адам үшін қауіпті!» десе, алматылық Татьяна Бакиева: «Аудан әкімдіктері қаланың орталық көшелері мен көрнекі жерлерді ғана әдемілеп, тазалап қоюды доғару керек! Тазалық та, тәртіп те – баршаға ортақ!», – деп жалғастырыпты.

Тұрғындар сауалына лезде жауап қайтарған «Алматы Қала Жарық» көрсетілген мекенжайдағы олқылық көп ұзамай қалпына келтіріледі деп отыр. Алайда, алып шаһардың түнін жап-жарық етуге



мүдделі мекеменің жұмыстарына тұрғындар разы емес. Олай деуімізге, әлеуметтік желідегі шағымдар дәлел.

Алмас БЕКТАЙ: Гоголь көшесі мен Қайырбеков, 25 мекенжайындағы көшеге «жарық орнатамыз!» деп уәде бергендеріне екі айдан асты. Түнде тастай қараңғы. Жүрудің өзі қорқынышты. Құрғақ уәдеден қуырдақ қуырып, сұлу сөзден сарай салғанды қашан қоямыз? Бізге қашан жарық орнатылады?

Қарлығаш ТӨЛЕБАЙ: Бұл да бас қатыратын мәселе болып тұр. «АлматыҚалаЖарық» өз жұмысын дұрыс атқармайды. Бірнеше рет өтініш бердік. Екі жерге орнатты, бірақ оның да нәтижесі шамалы. «Бақылауға аламыз, бәрін жасаймыз!» деп уәдені үйіп-төккен. Жетісу ауданындағы Грибоедов көшесінің (Шавров көш. қиылысы) тұрғындары әлі күнге дейін жарығы жоқ көшемен жүреміз. Түстен кейін оқитын балалар мен жұмыстан қайтқан тұрғындарға қараңғы жермен жүру өте қиын! «Алматы Қала Жарық» бізге қашан көше шамдарын орнатып берер екен?

Бағдат ӘБДІ: Қараңғы жерлерге бұзақылар әуес келеді. Қылмыс та жиі орын алуы мүмкін. «Баяғы жартас, сол жартас». «Алматы Қала Жарық» бұрын да жұмысын қатырмаушы еді, қазір де атқарып жатқан жоқ.

Арықтар қашан тазарады?

«Мамыр-1» ықшамауданында арықтар қоқысқа толып жатыр. Тұрғындар жолдаған мына бір көріністен суағарлардың тазаланбағанына біраз уақыт өткенін көруге болады.

Айтуларынша, суағарларды кейінгі уақытта ешкім тазаламайды екен. «Тазалық – денсаулық кепілі дейміз. Бұл тек жеке бас гигиенасына қатысты емес, сондай-ақ қоршаған ортаның тазалығына қатысты да айтылса керек. Міне, мына арықтар қобырсыған қоқыстан көз ашпайтын болды. Тазалыққа жауапты мамандар қаланың орталық көшелерін күнде тазалайды. Бізде неге осы тәртіп қадағаланбайды? Несін жасаймыз, мұндай жағдайға жеткізген қала тұрғындарының

өздері. Әркім туған жерін, тұрған жерін таза ұстап, қоқысты арнайы жәшіктерге тастайтын болса, мынадай болмас еді. Өкініштісі, мынадай көрініске тұрғындардың көзі әбден үйреніп кеткенге ұқсайды. Жауапты мекемелер де «сен тимесен, мен тимен» деп үнсіз жатыр. Егер әркім сусыннан босаған ыдыстарды арнайы қоқыс жәшігіне тастаса дәл мынадай болмас еді. Арықтар қоқыстан қашан тазарады?» дейді ашуға булыққан тұрғындар. Әуезов ауданының әкімдігі бұл көріністі ескерер деген ойдамыз.



P.S. Құрметті оқырман! Алматының көркейіп-гүлденуіне СІЗ де үлес қоса аласыз. Егер қала өміріне қатысты талап-тілектеріңіз бен шағымдарыңыз болса, газетіміздің Facebook-тегі «Алматы ақшамы» паракшасы арқылы ой бөлісуге мүмкіндігіңіз бар.



МӘДЕНИ ШАРА

«АЛТЫБАҚАН» – ТҮРКИЯДА ДА «АЛТЫБАҚАН»

Төл өнерімізді өрге сүйреп, барынша насихаттау – баршамыздың парызымыз

Қазақстан мен Түркия мемлекеттері арасындағы мәдени байланыстың бір тармағы – театр мен музыка өнері саласындағы қарым-қатынастар. Бауырлас екі елдің мәдени серіктестігінде дәстүрлі мәдениет үлгілерін жаңғыртудың да маңызы ерекше. Бұл – екі елдің төл мәдениетінде қандай ерекшеліктер мен ұқсастықтар бар екенін танытатын түс.



Динара
МҰРАТ

Алматы қаласының әкімдігі, Алматы қаласының Мәдениет басқармасы, Қазақстан Республикасының Түркия Республикасындағы елшілігі, Ыстамбұл қаласы әкімдігі және Алматы қаласы Мәдениет басқармасына қарасты «Алатау» дәстүрлі өнер театрының ұйымдастыруымен Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай ұлттық өнерімізді таныту, ұлттық бірегейлікті дәріптеу мақсатында 2021 жылдың 25 қарашасында Түркияның Ыстамбұл қаласында Джамал Решит Рей Консер Салонунда «Алтыбақан» ойын-сауық ән кеші өтті.

Ұлтымыздың мақтанш етер асыл мұрасы, рухани жәдігерлері ішінде ұмыт болып бара жатқан қазақтың тұрмыс-салтынан сыр шертетін «Алтыбақан» ұлттық

ойыны – қазақ жастарының ертеден келе жатқан кешкілік бас қосып, ән айтып, домбыра тартып, айтыс жасап, би билеп, түрлі ойындар ойнап, көңіл көтеріп, ойын-сауық құратын кеші. Осы ұлттық ойынның төңірегінде әулеткен дәстүрлі ән мен күмбірлеген күй, ақындық пен билеріміз бір-бірімен астасқаннан кейін «Алтыбақан» жай ойын ғана емес, сол кездегі қазақы өнердің ұйытқысына айналған, маңызды мәдени шарамен теңбе-тең болған. Көшпелі қазақ өнері бөлек бір сала емес, өмірдің өзіндей болатын. Сондықтан осы қойылыммен бауырлас елде өнер көрсету екі ел арасындағы сабақтастыққа өзіндік үлесін қосқаны, дәстүрімізді насихаттауға үлес қосқаны сөзсіз.

Ән кешіне Қазақстан Республикасының Түркиядағы Төтенше және Өкілетті елшісі Абзал Са-

парбекұлы арнайы келіп, құттықтау сөзін айтты. Ол түрік және әзербайжандық өнер саңлақтары мен көрермендер қатарында өнерпаздарымыздың таланттарына тәнті болып, ұлттық өнеріміздің өркендей беруіне демеу көрсеткен Алматы қаласының әкімі Бақытжан Әбдірұлы Сағынтаевқа, театр директоры – Ринат Зайытов пен қойылымның көркемдік жетекшісі – Жұлдызбек Жұманбайға, өнерпаздарымызға алғысын айтып, жылы лебізін білдірді. Салтанатты қойылымды бауырлас түрік елінде білім алып жүрген отандастарымыз, түркиялықтар және т.б. өнерсүйер қауым қызыға тамашалады.

«Мен барлық театр ұжымына, режиссерға шексіз ризашылығымды білдіремін. Өзіміз әзербайжандықпыз, қазақ тілін білмесек те, әншілердің әсем дауысы арқасында қойылым түркі мәдениетінің үлгісін жүрекке жылы жеткізе алды. Әсіресе, әзербайжан халық әнін орындағанда қызым еріксіз жылап жіберді. Өз атымыздан Қазақстанға үлкен алғыс білдіреміз, мұндай кештер жалғаса берсін дейміз», – деді көрермен.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында «Ауызша және музыкалық дәстүрді жаңғырту қазіргі заманғы аудиторияға жақын әрі түсінікті форматта болуы керек», – деп атап көрсеткен болатын. Рухани құндылықтардың түпкі мәні ұлттық өнер екені белгілі. Бұл адамдардың рухани қажеттіліктерін қанағаттандырады. Қазақ халқының ұлттық дәстүрлі өнері – мәңгілік өшпейтін өміршең қазына. Күллі әлемге мақтанышпен көрсете алатын символымыз. Төл өнерімізді өрге сүйреп, барынша насихаттау – баршамыздың парызымыз. Падша дәстүрлі ән өнеріміз қанатын кеңге жайып, ұлы дала рухы асқақтай бергей!

ҚЫСҚЫ СПАРТАКИАДА

Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



БАЙРАҚТЫ БӘСЕКЕ

«Алматы Арена» спорт сарайында Республикалық V қысқы спартакиаданың ашылу салтанаты өтті. Жарысқа Қазақстанның 16 облысы мен республикалық маңызы бар 3 қаланың атынан 1300-ге жуық адамнан құралған құрама командалар қатысуда.



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Спартакиаданың ашылу салтанатында ҚР Мәдениет және спорт вице-министрі Серік Жарасбаев спортшыларға сәттілік тілеп, құттықтау сөз сөйледі. «Кешенді тартысқа 14 спорт түрінен үздік атағына таласатын еліміздің ең мықты спортшыларын жинадық. Олар биатлон, керлинг, конькимен жүгіру, мәнерлеп сырғанау, шорт-трек, шайбалы хоккей (ерлер), шайбалы хоккей (әйелдер), тау шаңғысы спорты, аралас шаңғы, шаңғымен секіру, сноуборд, фристайл-могул, фристайл акробатика, т.б. спорт түрінен бақ сынасады. Сол себептен, спортшыларға тек қана жеңіс тілеймін», – дейді Серік Жарасбаев. Сондай-ақ, Алматы қаласы спорт басқармасының басшысы Рүстем Байсейітов Алматы қаласы үшін Қазақстан Республикасының қысқы спартакиадасын өткізу үлкен мәртебе екенін айтты.

«Біздің қаламызға қысқы спорт түрлерінен еліміздің ең мықты спортшылары жиналды. Төрт жыл сайын өтетін байрақты бәсеке биыл тұңғыш рет бір ғана қалада ұйымдастырылып отыр. Бүгінгі күні барша спартакиадаға қатысушы спортшылардың жатын орнына, тамағына Алматы қаласының әкімдігі демеушілік жасауда. Бұның өзі біз үшін үлкен көмек болды. Жастарды қысқы спорт түріне баулу мақсатында алматылық балаларға тегін үйірмелер ашудамыз. Осы орайда қаламызда қысқы спорттың ілгерілеп келе жатқанын байқауға болады», – дейді Рүстем Байсейітов. Алматы қаласы спорт басқармасы басшысының айтуынша, қысқы спартакиада қаланың негізгі спорт объектілерінде өтеді. «Жарыстар «Шымбұлақ» тау-шаңғы курортында, «Медеу» мұз айдынында, «Алматы Арена», «Халық Арена» спорт сарайларында, «Сұңқар» халықаралық шаңғы трамплиндер кешенінде, «Балуан Шолақ» атындағы спорт сарайында өтеді.

Алматының құрама командасында 200-ден астам спортшы


бар. Алматылықтар қысқы спорттың барлық түрлерінен қатысады деп күтілуде. ҚР ҰОК спорт дирекциясының директоры Елсияр Қанағатовтың айтуынша, еліміздің өңірлерінде қысқы спортты дамытуға дұрыс көңіл бөлінбей отыр. «Қазіргі таңда елімізде қысқы спорт түрлерін дамытуға барлық жағдай жасалғанмен, кейбір өңірде қысқы спорт түрлеріне арналған жабық спорттық кешендер аз. Олар бізде екі қалада ғана бар, Нұр-Сұлтан мен Алматыда. Мысалы, коньки спортына байланысты ешқандай өңірде бірде-бір жабық спорттық кешен жоқ. Біз Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қарағанды облыстарынан шыққан коньки спортының жақсы спортшыларын білеміз, бірақ олардың өз жерлерінде жабық спорттық кешендері жоқ. Сондықтан бұл мәселені қолға алып, облыстарда қысқы спорт түрлерінен жабық спорттық кешендерді көбейту керек деп ойлаймын. Жалпы, Алматыда бүгін өтіп жатқан спартакиада өңірлерде қысқы спорттың қаншалықты дамып келе жатқанын көрсететін болады», – деді Елсияр Қанағатов.

Жасөспірімдер олимпиадасының күміс жүлдегері, ҚР чемпионаттары, Кубоктарының бірнеше дүркін жеңімпазы, 2021 жылғы Әлем кубогы кезеңінің қола жүлдегері Анвар Мухамедеев елімізде қысқы спорт түрлері дамыса деген тілегін жеткізді. «Шынын айтқанда, елімізде қысқы спорттың деңгейі де, дамуы да өте төмен. Қысқы спорттың қадамына тұсау болған себептің бірі – спорттық кешеннің кемдігі. Еліміздің көп өңірінде қысқы спортқа арналған алаңдар жоқ. Көптеген спортшымыз ірі додалар алдында шет елге шығып, жаттығу жиынын өткізеді. Осының бәрі бұл спорт түрінің дамуына тұсау болып отыр. Дегенмен де, жас спортшыларға қолдау көрсетіледі, жақсы нәтижелеріміз де бар. Мен «Медеу» мұз айдынында конькимен 500 және 5000 метрге жүгіремін. Біз жарысқа жақсы дайындықпен келдік. Ауа райы жақсы болып, жақсы нәтиже көрсетеміз деп ойлаймын», – деді спортшы.



ИННОВАЦИЯ

БАҒДАРШАМНЫҢ БАҚЫЛАУЫНДАСЫЗ



Әсел
ДАҒЖАН

Мегаполисте 93 «ақылды» бағдаршам іске қосылды.

Алматы қалалық ПД әкімшілік полицияның мәліметіне сенсек, мегаполисте жол қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйесін жаңғыртудың,

қайта құрудың және дамытудың бірінші кезеңі бойынша жұмыс аяқталып, жүйеге 93 бағдаршам қосылды.

«Қазіргі күні УПО ғимараттары жөндеу жұмыстары аяқталды, қызметтік бөлме мен детекторлық зертхана жабдықталды, 93 бағдаршам нысанында Еуро контроллерлер орнатылды. Жол қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйесін жаңғыртуға 357 бағдаршамды қосу бойын-

ша екінші кезеңдегі жұмыстар 2022 жылға жоспарланған. Екінші кезең аяқталғаннан кейін жүйе нақты уақыт режимінде бағыттар бойынша нақты қозғалыс қарқындылығын, статистиканы есептеуді және көлік қозғалысы қарқындылығын талдауды, бейімделу режимінде кері санақ тақтасының жұмысын ескере отырып, қиылыстардағы қозғалысты реттеуді қамтамасыз етеді», – деді Алматы қалалық ПД әкімшілік полиция басқармасының басшысы Нұрлан Аманбек. Екінші кезеңнің маңызды көрсеткіштері мынадай: Көлік өткізу қабілетін арттыру – 18–20%, жол жүру уақытын қысқарту – 15–25%. Жол бойындағы аялдамалар санының азаюы – 20–40%. Атмосфераға шығатын шығарындылар көлемін азайту – 7%. Жанармай шығынын азайту – 5–10%. Қоғамдық көлік қозғалысының кешігуін азайту – 20–60%.



КӘСІПҚОЙ БОКС

ЕЛЕУСІНОВ – ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ

18 желтоқсанда Нұр-Сұлтанда өткен кәсіпқой бокс кеші қазақ жұртына жаңа әлем чемпионын сыйлады. Жартылай орта салмақ дәрежесінде IBO нұсқасы бойынша әлемнің үздігі атағын Данияр Елеусінов (11-0, 6 KO) жеңіп алды. 30 жастағы олимпиада чемпионы 12 раундтық жекпе-жек қорытындысында аргентиналық Хуан Ернан Леонадан (15-2, 4 KO) төрешілердің ортақ шешімімен басым түсті.

Жекпе-жек өтетін күн ертерек белгілі болғанмен, Елеусіновтің қарсыласы ұзақ уақыт анықталған жоқ. Әуелі «Жынды» деген лақап аты бар мексикалық Данте Хардон (41-7, 25 KO) үміткер болып белгіленген еді. Бірақ қараша айының соңында ол спарринг кезінде қолын сындырып алды.

IBO лайықты қарсыласты тез тапты. Соңғы 10 кездесуінде жеңіске жеткен, WBO Latino атағының иегері Х.Е.Леал бірінші рет Оңтүстік Америка құрлығынан сырт жерде жекпе-жек өткізуге мүмкіндік алды. Леал WBO рейтингінде 15-орында тұрды. Бұған дейін ол екі рет он раундтық кездесуді толық өткізіп, мол тәжірибе жинаған-ды. Ал Елеусінов болса, сегіз раундтық жекпектен асып көрмеген болатын.



Астана төрінде Елеусінов айқын басымдық танытты. Ол Леалды екінші раундта – екі рет, үшінші раундта бір рет нокаутқа түсірді. Дегенмен, аргентиналық боксшы чемпиондық атақтан бекер үміткер емес екенін дәлелдей алды. Ол төртінші кезеңнен бастап айтарлықтай сергіп, Даниярды қатты састырмаса да, шабуылға шабуылмен жауап беріп отырды. Дегенмен, төрешілердің барлығы қазақ боксшысының басым болғанын ресми тіркеді.

«Біз әлемнің бір қиырына осы атаққа қол жеткізу үшін келген едік. Алайда, еңбегіміз, төккен теріміз жеткіліксіз болды. Мақсатымызға жете алмағанымыз үшін бүкіл Аргентинадан кешірім сұраймын. Бірақ арым таза, өйткені барымды салдым. Қолдау білдіріп жолдаған әрбір хабарламаларыңыз үшін алғыс айтамын! Шындығында, көңілімді жұбататын сол ғана», – деп жазды кейінірек Леал әлеуметтік желіде.

Данияр болса, бұрын-соңды мұндай кездесу өткізіп көрмегенін атап өтті.

«Жекпе-жекті екінші раундтан кейін аяқтағым келіп еді. Бірақ қарсыласым өте тәжірибелі. Жұрт айтқандай, жұдырықтауға арналған қапшық емес... Ол менің еркін төмпештеуіме мүмкіндік берген жоқ. Қарсыласым құлап қалмау үшін ғана емес, 12 раунд бойы жақсы бокс көрсетуге келді. Біз өте жақсы шоу жасадық деп ойлаймын. Леал тым еңкейіп жұдырыктасады екен, маған сонысы ыңғайсыз болды. Тіпті, кей кезде басымен тіземді соға жаздады. Ақталып тұрғаным жоқ. Бұл тәжірибе маған керек. Бұрын асып кетсе сегіз раунд жұдырыктасқан едім, енді 12 раундты да көрдім. Үш нокауттан кейін оны тағы бір рет тұқыртуға тырыстым. Кейде қарсыласыңды бір есеңгіретіп алған соң, ары қарай ес жиырмай ұруға мүмкіндік туады. Бірақ бар күшіңді соған жұмсап қоясың. Мен олай істегім келмеді. Кейінгі шабуылда дәл тигізуді көздедім. Бірақ қарсыласым үнемі велосипед режимін қосудан болды, яғни қашып жүрді. Төртінші раундтан кейін Леал

батырсына түсті. Маған да керегі сол еді. Қалай дегенде де, IBO нұсқасы бойынша чемпиондық атақ маған мол мүмкіндік ашады. Енді IBF және WBO нұсқалары бойынша алға жылжи түсуге мүмкіндігім бар. Жартылай орта салмақта әлемнің абсолют чемпионы атану маңдайыма жазылса, табыстың көкесі сол болар еді», – деді Данияр.

Д.Елеусінов Қазақстаннан шыққан алтыншы әлем чемпионы болып тарихқа енді. Оған дейін кәсіпқой бокста Василий Жиров, Марат Мәзімбаев, Бейбіт Шөменов, Жанат Жақиянов және Геннадий Головкин түрлі тұжырымдар бойынша үздік атанған еді.

Нұр-Сұлтандағы бокс кешінде отандастарымыз Иван Дычко, Данияр Елеусінов, Жанқош Тұрапов, Ақниет Әлімбай, Ангелина Лукас, Айдар Шәрібаев, Сапарбай Айдаров, Дәулет Дәукенов, Асхат Жантұрсынов өнер көрсетті. Жантұрсынов әзербайжан С.Гараевтан жеңілді, басқа боксшылардың барлығы қарсыластарын тізе бүктірді. Ал екінші жеңіл салмақта Қазақстан чемпионы атағын сарапқа салған Ержан Залилов пен Ескендір Харсанның кездесуі ауыр нокаутпен аяқталды. Залилов қарсыласын екінші раундта ауыр соққымен естен тандырды.

ФУТБОЛ

Жаңа кесте белгілі



Футболдан 2022 жылғы маусым өте қызықты болатын сияқты. Жылдағыдай емес, командалар маусымды ақпан айында бастап кетеді. 24 ақпанда Қазақстан суперкубогының жартылай финалдары ойналады. Бұл сынға биылғыдай төрт үздік команда қатысады. Яғни жылдың алғашқы жүлдесін «Тобыл», «Астана», «Қайрат» және «Қызылжар» командалары сарапқа салады.

Қазақстан чемпионаты 5-6 наурызда жалауын көтереді. Мұндай жеделдік ұлттық құраманың Ұлттар лигасындағы ойындарына байланысты екені даусыз. Алдымен Қазақстан құрамасы 24 және 29 наурызда С дивизионында қалу үшін Молдовамен екі кездесу өткізеді. Қай дивизионға тұрақтайтынына орай, отандастарымыз маусым және қыркүйек айларында Ұлттар лигасындағы алты ойынға қатысады.

СЗ ТОБЫ
3 маусым.
Қазақстан/Молдова – Әзербайжан.
6 маусым.
Словакия – Қазақстан/Молдова.
10 маусым.
Беларусь – Қазақстан/Молдова.
13 маусым.
Қазақстан/Молдова – Словакия.
22 қыркүйек.
Қазақстан/Молдова – Беларусь.
25 қыркүйек.
Әзербайжан – Қазақстан/Молдова.
D1 ТОБЫ
3 маусым.
Лихтенштейн – Қазақстан/Молдова.
6 маусым.
Андорра – Қазақстан/Молдова.
10 маусым.
Қазақстан/Молдова – Латвия.
14 маусым.
Қазақстан/Молдова – Андорра.
22 қыркүйек.
Латвия – Қазақстан/Молдова.
25 қыркүйек.
Қазақстан/Молдова – Лихтенштейн.

ҚЫСҚЫ СПАРТАКИАДА

Алматыда қысқы спорт түрлерінен Қазақстан Республикасының V қысқы спартакиадасы басталды. Шаңғымен жарысудан командалық эстафета қорытындысында ерлер арасындағы 30 шақырымдық аламанды Ақмола облысының спортшылары (Д.Волотка, К.Борцов, Ф.Карпов, О.Климин) топ жарды. Шығыс Қазақстан (С.Базарбеков, И.Люфт, И.Исабеков, Д.Қасенов) және Қостанай облысының (А.Ковалев, А.Каримов, А.Завялов, Ф.Ковалев) шаңғышылары үздік үштікті түйіндеді. Әйелдер 15 шақырым эстафетада сынға түсті. Мұнда да ақмолалық спортшылар бірінші болды:

1. Ақмола облысы (В.Эбель, В.Тюленова, Н.Степашкина).
2. Павлодар облысы (Н.Ряжко, И.Быкова, Е.Толмачева).
3. Шығыс Қазақстан облысы (И.Тятов, В.Колесникова, К.Махмұтова).

Спартакиада спорттың 14 түрі бойынша өткізіліп жатыр. Биатлон, керлинг, конькимен жүгіру, шаңғымен жүгіру, мәнерлеп сырғанау, шорт-трек, хоккей (ерлер, әйелдер), тау шаңғысы, шаңғы қоссайысы,

Ақмолалықтар алда келеді



трамплиннен секіру, сноуборд, фристайлдан (могул, акробатика) ел үздіктері аймақтар намысын қорғайды. «Алматы Арена», «Халық Арена», «Балуан Шолақ», «Медеу», «Шымбұлақ», «Алатау», «Сұңқар» спорт кешендерінде осы күндері жарыс қызып жатыр. 14

облыс пен 3 қаладан келген қатысушылар саны 1400 адамға жуықтайды.

Жақында әлем чемпионаты, әлем кубогы сияқты халықаралық жарыстарда өнер көрсеткен отандастарымыз да қазір спартакиадаға келіп қосылды.

АУЫР АТЛЕТИКА

Жүлдеге сынық сүйем қалғанда...



Ташкентте (Өзбекстан) ауыр атлетикадан әлем чемпионаты мәреге жетті. Жарыстың алғаш-

кы күнінде Арли Чонтей жеңіп алған алтын медаль қазақстандықтар қоржынындағы жалғыз жүлде болып қалды.

Ерлер арасында 96 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде бақ сынаған қазақстандық Артём Антропов қоссайыс нәтижесі бойынша 385 (164+221) ұпай жинады. Мұндай нәтиже серпе көтеру бойынша кіші күміс жүлдені жеңіп алуға мүмкіндік берді. Ал қоссайыс нәтижесінде Антропов төртінші орынға ие болды.

Әйелдер арасында 87 келіден жоғары салмақта сынға түскен Айзада Мүптілда әлемдік сынды төртінші орынмен тәмамдады. Ол жұлқа көтеруде – 120, серпе көтеруде 152 келіні еңсерді. Қоссайыс нәтижесі бойынша Айзада 272 келіні көтеріп, төртінші орынға табан тіреді.

Бетті дайындаған
Естен САБАЛАҚ.

БЕТ ҚАТТАЛЫП ЖАТҚАНДА

Қазақстандық қос спортшы қаратәден Азия чемпионатының жеңімпаздары атанды. Қазақстан құрамасынан қыздар арасында 50 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Мөлдір Жаңбырбай мен ерлер арасында 55 келіге дейінгі салмақта Андрей Ақтауов топ жарып, үздік атанды.



КИНОКЕҢІСТІК

Рүстем ӘБДІРАШЕВ:

ТӘУЕКЕЛГЕ БЕЛ БУДЫМ

Белгілі режиссер, «Дарын» жастар сыйлығының иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Рүстем Әбдірашевтің Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың шығармалары негізінде «Балалық шағымның аспаны», «Отты өзен», «Теміртау» кинотуындыларын түсіргені белгілі. Танымал режиссердің халықтың сүйіспеншілігіне бөленген туындылары туралы айтқан ой-пікірін бергенді жөн көрдік.



Балалық шағы мен жалынды жастық шағы арқау болған «Балалық шағымның аспаны» деп аталатын фильмінің түсірілімі 2011 жылы қолға алынды. Сәтімен түсірілген туындыны жұртшылық та аса жылы қабылдады. Бұл фильмде Елбасының дүние есігін ашқан кезінен бастап, ат жалын тартып, айтулы азамат болған шағына дейінгі өмірі қамтылады. Картинада қазақтың салт-дәстүрі кеңінен орын алды. Фильмнің басы бағзы заманнан келе жатқан дәстүрмен Әбіш әке мен Әлжан ананың Райымбек бабаның басына түнеп, Алладан перзент тілейтін сәтімен басталады. Сол түні Әлжан ана түс көріп, теңіз түбінен көмкерілген ұзын мылтықты алып шығады. Бұл түсті сол ауылдағы қария «Түсінде мылтық көрсен, көп ұзамай ұлды болады екенсің. Ұлыңның ғұмыры ұзақ, бірақ күреске, қиыншылыққа толы болады екен» деп жорып береді. Арада аз уақыт өткенде Әлжан ана құрсақ көтеріп, өмірге сәби келеді. Нұрсұлтанды ауыл адамдары еркелетіп, Сұлтан деп атайды.

Сұлтанның балалық шағы сол жылдардағы Сталиннің қатал саясатымен тұспа-тұс келеді. Елімізге өзге ұлттар мен ұлыстардың өкілдері үдере көшіп келе бастайды.

Қазақ халқы оларға қонақжайлық танытып, қайырымдылық көрсетеді.

Атқа шауып, көкпар тартқанда алдына жан салмайтын Сұлтанның бала күнгі арманы ұшқыш болу екен. Өзі туып-өскен Үшқоңыр жайлауының аспанына қарап, көкпен тілдесетін баланың арманы қалқыған ұшақтардан бастау алса керек. Сұлтан өзі таңдаған авиация саласы бойынша оқуға қабылданғанда ата-анасы қарсылық танытпайды. Бірақ Сұлтанның ата-анасына деген махаббаты жеңіп, отбасын тастап алысқа кеткісі келмейді.

Міне, осылай өрбитін фильмнің өн бойы өнегеге толы деп айтуға болады. Жалпы, отбасындағы береке-бірлік, перзентіне деген ата-ананың махаббаты, Сұлтанның балалық шағы мен бал дәурені, кеңестік заманда өмір кешкен халқымыздың өмірі еш боямасыз көрсетілген.

Кейіннен осы киноэпопеяның жалғасы «Теміртау», «Отты өзен» кинотуындылары өмірге келді. Бұл фильмдер 1 желтоқсан – еліміздің Тұңғыш Президенті күні Қазақстандағы барлық кинотеатрларда, теледидарларда көрсетілді.

Елбасымыз кинотуынды көріп болған соң өзінің ризашылығын білдірді. Бұдан артық қандай баға керек? Елбасымыздың сыныптас-тары да «кинодан өзімізді көріп, көзімізге жас алдық» деп жатты. Әрине, мұндай фильмдерді түсіру аса жауапкершілікті талап етеді. Ал көрермендер ризашылық білдіріп жатқанда жауапкершілікті тіпті терең сезінеді екенсіз.

Дайындаған
Рая ЕСКЕНДІР.

ТҰСАУКЕСЕР



«ШЫҢЫРАУ» көрерменге жол тартты



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Алматыда Әбіш Кекілбаевтың повесі бойынша түсірілген «Шыңырау» фильмінің тұсаукесері өтті.

Кинотуындының қоюшы-режиссері әрі сценарий авторы Жаңабек Жетіруов. Фильмді ҚР Мәдениет және спорт министрлігі тапсырысы бойынша Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы түсірген.

Картина құдық қазушы Еңсептің оқиғасын баяндай отырып, менмендік, бақталастық, махаббат, достық, қастандық сынды адамға тән құбылыстарды көтереді.

– Бұл повесть 1982 жылы жазылған болатын. Көптеген режиссер түсіріміз деп үміттеніп еді, нәтижесінде Жаңабек ағамыз қолға алды. Ол кісі атамызбен бірнеше рет кездесіп, сценарийдің алғашқы нұсқасын өзіне мақұлдатқан болатын. Өкінішке қарай, атамыз фильмді түсіру жұмысы басталғанын көрмей кетті. 2019 жылы астанада «Еуразия» халықаралық кинофестивалінің бағдарламасында «Шыңырау» фильмі алғаш рет көрсетілді, – деді жазушының немересі Абыл Кекілбаев.

Фильмнің түсірілімдері Маңғыстау облысында өткен. Картинада Қаракия ойысы, Үстірт шоқысы

және Каспий теңізі көрініс табады. Фильмдегі басты рөлдерді Асылхан Төлепов, Алдабек Шалбаев және Айжан Жетіру сомдаған.

Кинотуындының алғашқы көрсетілімі Дакка қаласында өткен 17-ші Халықаралық фестиваль шеңберінде (Бангладеш, қаңтар, 2019 ж.) ұсынылған. Бұл фестивальде отандық туынды «Үздік операторлық жұмыс» (операторы Ривкат Ибрагимов) жүлдесін жеңіп алғанын айта кеткен жөн. Сонымен қатар, «Шыңырау» фильмі 37-ші Халықаралық Фаджр кинофестивалінің (Иран, сәуір, 2019 ж.), 28-ші Бүкілқытайлық «Алтын әтеш және жүз гүл» атты кинофестивалінің (Қытай, қараша, 2019 ж.), Asian International Film Festival Arizona кинофестивалінің (АҚШ, желтоқсан, 2019 ж.), Kaaryat International Film Festival of India фестивалінің (Үндістан, желтоқсан, 2019 ж.), 24-ші Халықаралық Керала кинофестивалінің (Үндістан, желтоқсан, 2019 ж.), 13-ші халықаралық Sofia MENAR Film Festival (Болгария, қаңтар, 2021 ж.) сынды басқа да кинофестивальдердің конкурстық бағдарламаларына қатысқан.

Одан бөлек, аталған фильм 2019 жылы заңғар жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаевтың 80 жылдығына орай Мәскеуде өткен қазақстандық кино күндері аясында көрсетілген.

ТОПЖАРҒАН



Динара
МУРАТ

Қазақстандық фильм әлемдік кинофестивальдерде 50-ге жуық жүлдеге ие болып үлгерді.

Осы жылдың қыркүйек айының соңында «Қазақфильм» киностудиясы алғашқы атауы «Причал» болған «Подсолнух» («Күнбағыс») фильмінің түсірілімін аяқтады. Кинокартина ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысы бойынша түсірілген. Алматыда тұсауы кесілген Эли Гильманнның драмасы 27 халықаралық кинофестивальде түрлі номинациялар бойынша 47 жүлде жинады.

«Подсолнух» – ата-ана арасындағы түсініспеушілік салдарынан күйзеліске ұшыраған отбасы өмірінен сыр шертетін драмаға толы шығарма. Әке-шешесі өз сұрақтарына жауап іздеп жүргенде қараусыз қалған бала үйде де, мектепте де де орнын таппай, кемсіту мен қорлықтың бар азабын тартады. Қауіпсіз мекен іздеген Әмір компьютер ойындарының әсерлі әлеміне еніп, өзінің қалай ойынқұмарға айналғанын байқамайды.

Режиссердің айтуынша, «Күнбағыстың» негізгі идеясы – адамдар арасындағы қарапайым қарым-қатынастың маңыздылығы, оның бүгінгі күні жетіспеушілігі. Әлеуметтік қысым, жалғыздық, белгісіздіктен қашу тақырыптары барлық мәдени ландшафттарда қиылысады. Мұның өзі фильм идеяларын адамдар үшін өзекті етеді. Біздің көпшілігімізге жанашырлық, түсіністік, мейірім жетіспей жатады, сондықтан бұл идеялар ұлттық деңгейден асып, адамзаттың мәселелерін көтереді.

«Бұл проблема барлық отбасыларға тән дер едім. Менің өзім ана ретінде осындай сынақтан өтіп, іштей тынған балама сөзімді жеткізе алмаған шақтарды бастан кешірсемес, бұл картина тумас та еді.

ОТАНДЫҚ ТУЫНДЫ

Келер жылы 10–20 ақпан аралығында өтетін 72-халықаралық Берлин кинофестивалінің «Форум» атты беделді бағдарламасына қатысатын бірнеше фильмнің тізімі жарияланды. Олардың қатарында режиссер Дәрежан Өмірбаевтың «Ақын» да бар.

«Ақын» Берлинге барады

Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының қолдауымен Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ түсірген «Ақын» фильмі технологиялар дамыған қазіргі заманда өнердің қоғамда алатын орны туралы ой қозғап, поэзияға сұраныс азайған дәуірде ақынның күйініші туралы сыр шертеді. Қазақ халқының XIX ғасырдағы ең көрнекті ақындарының бірі Махамбет Өтемісұлының қылы тағдыры жайында ойға батқан басты кейіпкер нәзік жүректі ақындардың өмірі қашан да қиын болғанын түсінеді.

Фильмнің сценарийі неміс жазушысы Герман Гессенің «Авторлық кеш» атты автобиографиялық әңгімесі желісімен жазылған. Фильмдегі басты рөлді «Жігіттер» тобының әншісі Ердоқ Қанаев сомдайды.

Аталған фильм Токиода өткен халықаралық кинофестиваль шеңберінде алғаш көрсетіліп, қазылар алқасының жоғары бағасын алды. Бұл фестивальде Дәрежан Өмірбаев «Үздік режиссер» жүлдесімен марапатталды. Қазақ киносындағы «жаңа толқын» өкілі, Канн, Венеция және Локарнода өтетін беделді кинофестивальдерге қатысып, жүлделі орындар сапынан көрініп жүрген ол Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында «Қазақстанның еңбек



сіңірген қайраткері» құрметті атағына ие болды.

Халықаралық Берлин фестивалі (Берлинале) – әлемдегі ең ірі әрі беделді кинофестивальдердің бірі. Жыл сайын бұл фестивальге 124 елден 20 мыңнан астам мейман және 30 мыңнан аса киногерлер қатысады. Аталған фестиваль 1951 жылдан бері өткізіліп келеді.

Нұр ЖАМАЛ.

«КҮНБАҒЫС»

отбасы өмірінен сыр шертетін
драмаға толы шығарма



Фильм сюжетінің желісі негізінде менің достарымның отбасындағы қайғылы оқиға жатыр. Олар бүгін көрсетілімге келу керек еді. Өкінішке орай, келмеді. Біз фильм титрларында баланың атын жазбадық, бірақ басты кейіпкер – өмірден өткен жеткіншектің прототипі. Тіпті, бас актерді таңдағанда да сол баланың келбетіне ұқсас адамды іздедім. Картинаны аталған отбасыға арнаймын», – деді режиссер Эли Гильман.

Сценарийін Расул Шыбынтай жазған фильмдегі басты рөлді жас актер Рашид Мусин ойнаса, оның анасын Сербиядан келген актриса Слобода Мичалович сомдады. Одан бөлек, түсірілімге танымал актер Кирилл Кяро қатысты.

Басты кейіпкерді сомдаған актер де жас ерекшелігімен, Алматы қаласындағы Назарбаев мектебінде оқитындығымен де рөлге сай келген екен. Сондықтан да Әмірдің іштей жан қайғысы оған тансық емес.

«Оқушылар арасында мұндай оқиғалар жиі орын алады. Достарымыздың арасында осы мәселені үнемі көтереміз. Себебі, бұл тек

балаға ғана емес, ата-анаға, тіпті, бар қоғамға қатысы бар проблема. Фильмдегі кейбір кадрлардың Назарбаев мектебінде түсірілуі де бір символикалық мәні бар кездейсоқтық сияқты», – деді Рашид.

Түсірілім барысында қиындықтар жиі орын алады ғой. Фильм директоры Бақтияр Азизов осы төңірегінде өз ойымен бөлісті:

«Түсірілім барысында біз Өскеменге, дәлірек айтқанда, Бұқтырмаға бардық. Өзен қаладан 200 шақырым қашықтықта орналасқан. Ол жерде инфрақұрылымды айтпағанда, тіпті, тамақтану орындары жоқ. Жер-көктің барлығы қоқыс. Біз іс жүзінде далада жұмыс істегендіктен, түсірілім кезінде жаңбырдан көз ашпадық. Табиғи құбылыс біздің жоспарларымызға өзіндік өзгертулерді енгізді».

«Подсолнух» фильмі сәуір айында лонг-прокат түрінде жүретінін ескертеміз. Яғни лонг – дегеніміз ұзақ мерзімді көрсетілім болатынын білдіреді. Ара-тұра кинотеатрлардың афишасына ілініп, көрсетіліп тұрады. Қалаған уақытыңызда барып, тамашалай аласыз.



#QAZAQSTAN30

«Тәуелсіздіктің мен үшін маңызы...»

Эльвира СЕРЖАНҚЫЗЫ, хирург:

– Қазіргі таңда бүкіл қазақ жастары білім алып, өсіп, өніп келе жатыр. Тәуелсіздіктің бізге берген алғашқы сыйы да – осы. Жастардың білім алуына жол ашты. Тәуелсіздіктің арқасында қазіргідей үлкен жетістіктерге қол жеткізіп келеміз. Өзім бала кезден армандаған мамандыққа түсіп, оқуымды тәмамдап, қазір еңбегімнің жемісін көріп отырмын. Медицина саласына еңбек етіп жүргеніме 6 жыл уақыт болды. Осы жетістіктердің бәрін – Тәуелсіздіктің арқасы деп білемін.

Данабек СҮЛЕЙМЕНОВ, байланыс қызметкері:

– Тәуелсіздік – басты байлық. Тәуелсіздік ұғымы – бостандық, еркіндік пен азаттық. Ол – әрбір азаматтың өз ойын еркін жеткізу құқығының болуы. Ол – қазақ халқының сан ғасырлық арманы. Ал мен үшін сол уақытта дүниеге келу – үлкен бақыт. Қазақстан Республикасы – жас, тәуелсіз мемлекет. Алайда, осы кезеңде айтарлықтай, прогрессивті жұмыстар жүргізілді. Менің ойымша, әрбір азамат өз елінің патриоты болуға тиіс. Және де Отанға деген сүйіспеншілігі жоғары деңгейде болса, еліміздің болашағы жарқын болады.

Нұрсұлтан МЫҢҒЫШЕВ, спортшы:

– Еліміздің тәуелсіздігімен барлығы да мақтану керек деп ойлаймын. Осындай жетістікке жетіп жатқанымыздың барлығы да тәуелсіздіктің арқасында. Мен тәуелсіз елдің құрдасы болғаным ма мақтанамын. Және жауапкершілігінің де аз еместігін түсінемін. Қазіргі таңда қазақтың ұлттық спорттарының бірі көкпар мен аударыспақты да жаным серік етіп келемін. Қазақстан барысында да бағымды сынап келемін.

Жандос ҚҰЛЫМБЕТОВ, домбырашы:

– Тәуелсіздік дегеніміз – басқа елдермен тереземіз тең болу деген сөз. Тәуелсіздікпен құрдаспыз. 30 жылда қол жеткізген жетістігіміз көп. Отбасын құрып, кішкентайлы болдық. Бірнеше оқу орнын бітірдім. Қазақтың бояуы қанық күйін киелі домбырасымен жастарға үйретіп келемін.

Әзірлеген Айжан БҮРКІТБАЕВА.

ӨЗ ПАЙЫМЫМ



Әсел ДАҒЖАН

Өткенде жұмыстан кейін таксиге отырдым. Жүргізушінің ұлты күрд болуы керек деп топшылады. Өйткені, жанында отырған жолаушымен біздің Тәуелсіздік жайлы айтып отыр.

«Қазақтар, сендердің сандарың 20 миллионға да жеткен жоқсындар. Бірақ сендер бақытты елсіндер. Құдай сендерге әлем бойынша тоғызыншы орынды алып жатқан жерді беріп қойды. Бізге қарашы, біздің санымыз сендерден 2-3 есеге көппіз. Бірақ бізде не ел жоқ, не жер жоқ» дейді.

Расымен, Алланың біздің елге деген мейірімі шексіз екен деген оймен таксиден түстім. Біз күнделікті өмірде мән беріп ойлана бермейтін нәрсені өзге ұлттың өкілінен естігенде, ойланып қалдым.

Тәуелсіз ел болып өмір сүріп жатқанымызға биыл отыз жыл. Егер ақылға салып, өзге елдердің құрамында жүрген не бостандық ала алмаған өзге де елдермен өзіміздің жағдайымызды салыстырсақ, жүректі толтырып тұрып шүкіршілік айтуға үлкен себеп. Өйткені, өзге елдің қолас-тындағы бодандық, қолдан ұйымдастырылған аштық, нәубет жылдары, соғыс дейсіз бе, біздің елге жасалған небір қитұрқы саясаттың бәрінен аман шыққанымыз әуелі қазақтың Құдайын ұмытпай, оған үнемі шүкіршілік айтып, болашақ ұрпағы үшін жасаған дұғасының да арқасы шығар. Егер көрші елдермен бірге тоқсаныншы жылдары біздің елдегі халықтың жаппай ішімдікке салынуына ақыл көзімен қарасақ, ол белгілі бір ұлттарды жойып жіберуге жасалатын астыртын әрекет дер едік. Бүгінгі жастардың ол әдетке әуестігі жоғын жақсы білесіздер. Яғни бізді ішімдікпен де ала алмағандықтан қазір синтетикалық есірткі тарауда. Ол, әсіресе, жасөспірімдер арасында қатты «танымал». Бірақ бүгінгі айтпағымыз бұл мәселе емес.

Ел көлемінде біз бен сіздің көңіліміз толмайтын, бізді белгілі бір деңгейде алаңдатытын әрбір салада проблемалар көп шығар, бірақ оның бәрі Тәуелсіздіктің жанында шешімі бар, біз бен сіз екі жақтап кіріскенде әрқайсысын шешуге болады дер едім.

Жақында инстаграмда өзім оқып тұратын бір парақшадан мынадай орысша пост оқыдым. Авторы – Арман Тәңірбергенов.

Биыл Қазақстан тәуелсіздігіне 30 жыл толды. Символикалық дата. Ол біздің тарихтың жаңа айналымына кіруімізбен маңызды. Оның қайғылы әлде сәтті болатыны – көп жағдайда өзімізге байланысты.

КСРО-ның құлауымен әлемде жаңа елдер пайда болды. Солардың көбімен салыстырғанда осы жылдар бойы Қазақстан бейбіт өмір сүрді. Көпшілік оны элитаның дана саясатымен байланыстырады.

Бірақ басқа да себептері бар...

Бұл жердегі әңгіме – Қазақстанның ерекше аумақта орналасқандығы. Онда ерекше мән жасырынған. Әлемдік элитаның бақылау жасайтындай маңызды міндеті бар. Сол үшін де күрес жүрген және ол күрес тоқтамайды!

Бұл барлық жерде сыртқы күштердің қосылуынан көрінеді. Батыс псевдодемократия идеалдарын орнатқысы келеді, Қытай активтерді белсенді түрде сатып алуда, Ресей дүркін-дүркін этникалық картамен ойнайды.

Әлем сахнасындағы Қазақстан

«Кім Жердің кіндігін бақылайды, сол әлемді бақылайды»



Осыдан келіп Ақ Орданың көпвекторлы саясаты шығады. Оның мақсаты – үміткерлер арасында көшбасшы анықталған сәтті күту, содан кейін соның жағына шығу. Бұл көрген және прагматикалық болып көрінер. Бірақ мұның артында не жатыр?

Мұнда Қазақстанның әлемдік элиталар үшін рөлін түсіну маңызды. Жоқ, мәселе ресурстар немесе көлік мүмкіндіктерінде емес. Барлығы әлдеқайда тереңірек және күрделі...

Оның мәні – Қазақстан Құранда сипатталған. «Әл-Хижр» сүресінде аспан қақпаларының ашылуы туралы айтылады. Естеріңізге сала кетейін, адамның ғарышқа алғашқы ұшуы біздің жерде болған еді.

Қазақстан «Байқоңырды» салу үшін кездейсоқ таңдалған жоқ. Дәл осы жер ғарышқа зымырандарды ұшырудың ең тиімді орны болып шықты. Оны кез келген жерде жасауға болмайды!

Бір қызығы, Батыстың зияткерлік топтары бұрыннан Еуразия орталығының маңыздылығын білген. Олар «Кім Жердің кіндігін бақылайды, сол әлемді бақылайды» деп бекерге айтпаған.

Бұл жерде Орталық Азия, әсіресе, Қазақстан жайлы айтылған. Басқаша емес.

Демек, біз Тәуелсіздіктің қаншалықты қадірлі әрі қасиетті екенін түсінуге тиіспіз. Алтайдан Атырауға созылып жатқан ұлан-байтақ жерді қорғап, ел үшін адал еңбек ететін жастар қазір біздің қоғамға өте керек. Білімді әрі иманды, сауатты әрі көзі ашық, өз елі мен жерін сүйетін шын патриот жастар бізге өте керек. Сіз қалай ойлайсыз, құрметті оқырман?

ЕГЕМЕН ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІ



Әнұранды ерекше жақсы көреді



Әсел БЕЛДЕУБАЕВА

Балабақшаға баратын жиеніміз Әнұранды ерекше жақсы көреді. Қолын кеудесіне қойып, басын жоғары көтеріп, екі көзін жұмып алып, бар даусымен «Алтын күн аспанын» айтқанда, өзін де қосыла кеткің келеді. Кейде Әнұранды айту үшін залдағы столдың үстіне шығып алып махаббатпен айтып тұрғанын көргенде, еріксіз жымиясың. Бір жағы бұл да патриоттық сезімнің көрінісі шығар деп қуанамыз. Түнде «Бала-

пан» арнасындағы Әнұранды бірге айтқан соң барып теледидарды сөндіріп, ұйқыға жатады. Құдды бір солай болу керек сияқты ма, өзі бір үлкен шаруа тындырған адамдай риза кейіппен ұйықтайды. Қайбір күні анасының телефонына видео түсіріп, жаттаған тақпағын айтып:

*Аспанға қарап күнді көрдім,
Жерге қарап гүлді көрдім.
Оңға, солға бұрылып
Егеменді елді көрдім, –*

деп, өзі бір мезетте оқушы, бір мезетте ұстаз болып отыр. Өлеңнің тілі де жеңіл, баланың жаттауына да

оңай, мүдірмей айтып отыр. Балалар үшін Тәуелсіздік, Елбасы және Нұрсұлтан қаласы деген ұғымдар қатар жүреді.

*Тәуелсіз елдеміз,
Қуанамыз күнде біз.
Ата-бабам қалдырған
Қазақтың батырымыз,
сенсеңіз, –*

дейді. Бүгінгі тәуелсіз елдің балалары өте еркін әрі ойын ашық айтады. Оларда сөздің кең мағынасындағы еркіндік жүріс-тұрыс, қимыл-қозғалыстарынан ғана емес, сөздері, ойлары мен ықыластарынан анық байқалады. Осы жерде туған елінің бостандығы мен еркіндігі адамға да менталдық тұрғыдан әсер ететініне көз жеткіземіз. Мән беріп, көре білген адам еркіндікте өскен балалардың сөз саптауында да еркіндік барын байқайды.

Балабақша жасынан бастап туған елі мен жерінің тарихын, оны басқарған тұлғаларын жетік меңгеріп өскен балада патриоттық сезімнің ұшқыны ғана емес, өзегі болады. Ең бастысы, олардың жүрегіне «Менің Қазақстаным!» деген патриоттық сезім ұялайды, туған елі мен жері, тәуелсіздік жайлы ұғым қалыптаса бастайды. Ал туған жерін, елін жақсы көріп өскен баладан ертең еліне қызмет ететін үлкен азамат шығатынын біз өмірдің өзінен көріп келеміз.

ТУРИЗМ



Рая ЕСКЕНДІР

Қала балаларының сүйікті мекеніне айналған Оқушылар сарайындағы «Туристік-өлкетану бөлімшесінің» тарихы тереңде. Бұл бөлімше сонау 1952 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан Жас туристер станциясымен тікелей байланысты.

Осы бөлімшеге тұрақты келіп, дәріс алып жүрген жас туристердің патриоттық, адамгершілік, еңбексүйгіштік, эстетикалық, физикалық, экологиялық дағдылар арқылы таным көкжиегі кеңіп, интеллектуалды түрде дамып отырады.

Балалар мен жасөспірімдер туризмі мен өлкетану бөлімшесі 2019 жылдан бастап Алматы қаласы «Оқушылар сарайының» туристік-өлкетану бөлімшесі ретінде өз жұмысын жалғастыра бастады. Осынау аз уақыт ішінде

аталмыш үйірмеге 100 000-нан астам бала қатысып, білім алуда.

Жалпы, «Туристік-өлкетану бөлімшесі» – біздің қаламыздағы туризм және өлкетану бойынша кеңес беретін әрі нұсқаулық-әдістемелік орталық ретінде кеңінен танымал. Оның ең басты міндеті – мектеп оқушыларымен бірлесіп туристік жорықтар, саяхаттар мен экскурсиялар ұйымдастыру. Сонымен қатар, бұл бөлімше қала мектептеріне әдістемелік және практикалық көмек көрсетіп, оқушылармен бірлесе отырып, түрлі бұқаралық туристік іс-шараларды, жарыстар, слеттер, олимпиадалар, байқаулар өткізіп отырады.

Дәл қазір Оқушылар сарайында жасөспірімдер «Жас туристер», «Жаяу жүргіншілер туризмі», «Эколог-өлкетанушылар», «Жас геологтар», «Тау туризмі», «Әдеби өлкетану», «Географиялық өлкетану», т.б. бағыттар бойынша шұғылданауда.



ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

(Басы 1-бетте)

Серік
ЖҰМАБАЕВ

Әлемдегі өзге мемлекеттермен терезесі тең өмір сүруге мүмкіндік алу – кез келген ұлттың ұлы мұраты. Биыл егеменді ел болып, Тәуелсіздік алғанымызға 30 жыл толады. Осы ретте біз Тәуелсіздік атты қастерлі ұғымның Қазақ еліне бергенін тізбектеп өтуді жөн санадық. 1986 жылғы Кеңес Одағының іргесін шайқалтқан Желтоқсан оқиғасынан түп-тура бес жылдан кейін Қазақ елі өзінің Тәуелсіздік туралы Декларациясын жариялады.

1991 ЖЫЛ



Қазақстан егеменді ел болды. Еліміздің Тәуелсіздігін ең алғаш болып Түркия, мұхиттың арғы жағында жатқан Америка Құрама Штаттары, екінші Қытай, содан соң Ұлыбритания мойындады. Оның артынан Моңғолия, Франция, Жапония, Оңтүстік Корея және Иран Ислам мемлекеті мойындады. Президент Жарлығымен Семей ядролық полигоны жабылды. Сонымен қатар, осы жылдың 2 қазанында қазақтың тұңғыш ғарышкері, Халық Қаһарманы Тоқтар Әубәкіров ғарышқа сапар шекті.

1992 ЖЫЛ

Мемлекеттің басты атрибуттары – рәміздерімізді бекітіп, дүние жүзіндегі ұлттық мемлекеттерді мойындайтын алып ұйымның төріне Көк Байрағымызды тігіп, БҰҰ-ның толыққанды мүшесі атанды. Сонымен қатар, Қазақстан ЕҚЫҰ сияқты іргелі ұйымның құрамына енді. Дәл осы кезден бастап жас мемлекетке трансұлттық корпорациялар тарапынан қызығушылық туып, қазақ жеріне инвестиция сала бастады. Тәуелсіздік таңы атқаннан бес айдан кейін Қазақстанның дербес Қарулы Күштері құрылды. Осы жылы дүние жүзі қазақтарының құрылтайы Алматы қаласында өткізілді.

1994 ЖЫЛ

Тұңғыш Ата Заңның негізінде 1994 жылы наурыз айында алғаш рет заң шығарушы орган – Жоғарғы Кеңеске сайлау өткізілді. Қаңтар айында еліміздегі жоғары оқу орындары арасынан «ұлттық» деген мәртебе Қазақ политехникалық институтына (қазіргі Қ.Сәтбаев атындағы Ұлттық техникалық университеті) берілді. Тәуелсіз Қазақстанда тұңғыш рет Парламент сайлауы өтіп, елде көппартиялық жүйенің дамуына жол ашты. Қазақстан мен Қытай арасындағы мемлекеттік шекара сызығы нақтыланды. 1 шілдеде екінші қазақ – Талғат Мұсабаев ғарыш көгіне көтерілді. Алғашқы валюта айырбастау пункттері пайда болды. Діни қызмет жанданып, мешіт, медреселер көбейе бастады.

1995 ЖЫЛ

Қазақстан қазіргі дамуының басты кепілі болып отырған Конституцияны қабылдады. Осы құжат арқылы саяси жүйенің классика-

лық үлгісіне өтіп, биліктің үш тармағы тиісті механизмдері арқылы жұмыс істеуге мүмкіндік алды. 1 наурызда қоғамдық ұлт-аралық келісім мен тұрақтылықты нығайту мақсатында республикада Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. 1995 жыл Абай жылы болып жарияланды. 15 қыркүйекте Қазақстан Республикасының астанасын Ақмола қаласына ауыстыру жөнінде Президент Жарлығы шықты.

1996 ЖЫЛ

Тәуелсіздігіне бес жыл толған Қазақстан мемлекетті дамытудың кешенді бағдарламаларын жасап, нақты іске кірісе бастаған болатын. 1996 жылы 16 желтоқсанда сол кездегі астанамыз Алматыда Тәуелсіздік монументі ашылды. Бұл символ халықты біріктіруге бағытталған идеология аясында атқарылған шаралардың бірі еді. 1996 жылы 3 сәуірде қазақ ұлтының өкілдері жеке құжаттарына тарихи-халықтық дәстүрге сәйкес өз әкесінің аты-жөнін ата-бабасының атымен жаздыруға мүмкіндік алды. Қазақ елі тұңғыш рет Олимпиада ойындарына қатысты. Атлантада өткен XXVI жазғы Олимпиадалық ойындарда қазақстандық спортшылар үш алтын, төрт күміс, төрт қола медальға ие болып, 197 мемлекеттің арасынан 24-орын алды. 26 сәуірде Шанхайда Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Қытай және Тәжікстан басшылары «Шанхай бестігін» құрып, шекара аумағында әскери сала бойынша сенімді нығайту жөнінде келісім жасады.

1997 ЖЫЛ

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан–2030. Қазақстандықтардың өркендеуі, әл-ауқаты мен қауіпсіздігін жақсарту» атты халыққа Жолдауын арнады. Бұл стратегиялық жоспарды қабылдау – үнемі динамика мен дамуға ұмтылып отырған халықаралық қауымдастық ішіндегі жас мемлекеттің үлкен тәуекелге баруы еді. Сонымен қатар, халықтық жалпыкелісім мен саяси репрессия құрбандарына арналған жыл болып жарияланды. 20 қарашада Президенттің Жарлығымен бұрынғы Ақмола қаласы Қазақстанның астанасы болып жарияланды. 10 қаңтарда Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан арасында мәңгілік достық туралы ұшақты келісімге қол қойылды. 24 қаңтарда «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заң қабылданып, қазақ тілі тұңғыш рет мемлекеттік басқару тілі болып бекітілді. 10 желтоқсанда Әлеуметтің әлжуаз топтарын қорғау жөніндегі жалпыұлттық қор құрылды.

1998 ЖЫЛ

Елімізде Ұлттың тарихы мен бірлігі жылы болып жарияланды. Осы жылы мемлекеттің көмегімен ұлтымыздың тарихын түгендеп, сананы жаңғырту үрдісі жүргізілді. Барлық заңның қайнар көзі болып табылатын Ата Заңымызға толықтырулар мен өзгертулер енгізіліп, «Қазақстан–2030» стратегиялық жоспары ресми түрде қолданысқа енгізілді.

15 қаңтарда Қазақстан мен Еуропалық одақ елдері арасында серіктестік және ынтымақтастық жөніндегі келісімге қол қойылды. 10 маусымда Қазақстанның жаңа астанасының халықаралық таныстырылымы өтті. 30 маусымда Президент жанынан Шет ел инвесторларының кеңесі құрылды. 6 шілдеде Қа-



1993 ЖЫЛ

Тәуелсіз Қазақстан тұңғыш Конституциясын жариялады. Ең алғашқы басты құжаттың қабылдануы – Тәуелсіздік жылдарындағы елеулі оқиғалардың бірі. Дәл осы жылы ұлттық валюта – теңге қолданысқа енгізіліп, Қазақ елі қаржылық тәуелсіздікке қол жеткізді. Оралмандар үшін алғашқы жылдық квота тағайындалып, атамекеннен жырақтағы 10 мың отбасы көшіп келді. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы туралы» заң қабылданды. Дәл осы жылы «Алма-Ата» атауы «Алматы» болып өзгерді. Оңтүстік астанада БҰҰ-ның Қазақстандағы өкілдігі пайда болды. Қазақстан билігі мен америкалық «Шеврон» компаниясы арасында «ғасыр келісім-шарты» атанған келісім жасалды. Қазақстан мемлекеттігі тарихында өлшеусіз орны бар қайраткер Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев өмірден өтті. «Болашақ» халықаралық стипендиясы тағайындалды.

зақстан мен Ресей арасында мәңгілік достық және ХХІ ғасырға арналған одақтастық жөніндегі декларацияға қол қойылды.

1999 ЖЫЛ

10 қаңтарда Президент сайлауында қазақстандықтардың 79,78% дауысына ие болған Н.Назарбаев Мемлекет басшысы ретінде қайта сайланды.

2000 ЖЫЛ

Жетпіс жыл алып империяның құрамында жүріп, ұлт құндылықтарын сақтауда есесін жіберіп алған жас мемлекет жаңа ғасырды мәдениетті қолдаудан бастады. Билік механизмдерін жетілдіру мақсатында осы жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан Республикасының тәуелсіз сот жүйесін күшейту жөнінде» Жарлық қабылдады.

16 наурызда Қазақстанның сыртқы саясатының жаңа тұжырымдамасы бекітілді. 10 қазанда Елордада Еуразиялық экономикалық қауымдастық құрылды. 15 қыркүйек пен 1 қазан аралығында Сиднейде өткен XXVII жазғы олимпиадалық ойындарда Қазақстан құрамасы үш алтын, төрт күміс медаль алып, 199 елдің ішінен 22-орынға көтерілді.

2001 ЖЫЛ

Қазақстан өз Тәуелсіздігінің 10 жылдық мерейтойын атап өтті. Бұл жылы өткен он жылдағы атқарылған жұмыстарға қорытынды жасап, алдағы уақытқа жоспар жасалды.

27 наурызда Каспий құбыр консорциумын толтыру басталып, «қара алтын» экспортының көлемі ұлғайды. 22 қыркүйекте Қазақстанға Рим Папасы Иоанн Павел II және

осы салтанатты көруге әлемнің 30 елінен 300 мыңдай христиан келді. Осы жылы Қазақстанда төрт әскери округ құрылды. Бұл жылы көрші мемлекеттермен шекараны айқындау аяқталып, елімізде посткеңестік мемлекеттер арасында тұңғыш рет капиталға рақымшылық жарияланды.

2002 ЖЫЛ

Қазақстан 2002 жылды жалпыұлттық «Денсаулық жылы» деп жариялады. Осы жылы рухани орталығы Түркістан қаласында қазақтардың екінші Бүкіләлемдік құрылтайы өткізілді.

25 сәуірде Еуразиялық медиафорум өз жұмысын бастады. Дәл осы күні Қазақстан Футбол одағы Еуропалық футбол қауымдастықтары одағы құрамына қабылданды. 13 мамырда Н.Назарбаев пен В.Путин Қазақстан мен Ресей арасындағы маңызды тарихи құжат – Каспий теңізінің солтүстік бөлігінде шекараны ажырату жөніндегі келісімнің хаттамасына қол қойды. 15 мамырда «Эйр Астана» ұлттық әуе тасымалдаушысы Алматы–Астана бағытын ашты. 17 қазанда Қазақстанға БҰҰ бас хатшысы К.Аннан келді.

2003 ЖЫЛ

Нарықтық-экономикалық жүйені басты назарға алған Қазақстан белгілі бір дәрежеде жетістіктерге жеткеннен кейін, алдағы үш жылды «Ауыл жылы» деп жариялады. Діндер арасындағы диалогті қалыптастыру үшін Қазақстан әлемде бірінші болып әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының съезін өткізді. 23 ақпанда Мәскеуде Ресей, Бела-

30 ЖЫЛДЫҢ



30 ЖЕТІСТІГІ

русь, Қазақстан және Украина Президенттері бірыңғай экономикалық кеңістік құру жөніндегі мәлімдемеге қол қойды. Осы жылы Қазақстан Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымына мүше болды.

2004 ЖЫЛ

Елбасының тапсырмасымен «Мәдени мұра» бағдарламасы қабылданды. Үш жылға жоспарланған үлкен жоба қазақ мәдениетінің өткені мен бүгінін сабақтастырды.

16–19 мамырда Қазақстан мен Қытай арасында Атасу-Алашанькоу мұнай құбырын салу туралы келісімге қол қойылды. 13–29 тамыз аралығында Афинада өткен XXVIII Жазғы Олимпиадалық ойындарда Қазақстан құрамасы бір алтын, төрт күміс, үш қола медаль алып, 201 елдің арасынан 40-орынды иеленді. Осы жылы Президенттің «Ақорда» жаңа резиденциясы ашылды.

2005 ЖЫЛ

Қазақстан халқы Президент сайлауы науқанын өткізді. Саяси көзқарастары әртүрлі үміткерлер бақ сынаған сайлауда Тұңғыш Президент 91,15% дауыспен халықтың сеніміне ие болды. Жыл Ұлы Жеңістің 60 жылдығы ұранымен өтті.

2006 ЖЫЛ

Қазақстан үшін экономикалық серпіліс жылы болды. ЖІӨ бұрын-соңды болмаған 10,6 пайыз көрсеткішке жетсе, Ұлттық қордың активтері 14 млрд. долларға дейін жетті.

11 қаңтарда ҚР Президенті Н.Назарбаевты ұлықтау рәсімі өтіп, онда еліміздің жаңа Әнураны жария болды. Қазақстан мен Ресейдің шекаралас аймақтарының ынтымақтастығына арналған форум тұңғыш рет елімізде Орал қаласында өтті.

2007 ЖЫЛ

Бұл жыл Қазақстандағы қоғамдық-саяси оқиғалармен есте қалады. Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы мемлекет президенттік басқарудан президенттік-парламенттік басқару жүйесіне өтті. Осыдан кейін Парламент өзін-өзі таратып, жаздың соңғы айында заң шығарушы органдар мандаттар үшін саяси партиялар пропорционалды сайлау жүйесі арқылы бақ сынады. Осы жылы ЕҚЫҰ-ның Сыртқы істер министрлері кеңесі 2010 жылы аталған ұйымға Қазақстанның төрағалық ететінін жария етті.

2008 ЖЫЛ

Елорданың 10 жылдық мерейтойы жалпыұлттық деңгейде аталып өтті. 8–24 тамыз аралығында Бейжіңде өткен XXIX Жазғы Олимпиадалық ойындарда Қазақстан құрамасы екі алтын, төрт күміс, жеті қола медаль алып, 204 мемлекеттің ішінен 29-орынды иеленді.

2009 ЖЫЛ

Бүкіл әлем қаржы дағдарысының шырмауында қалған шақта Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасымен «Жол картасы» бағдарламасы әзірленіп, Үкімет дағдарысқа лайықты төтеп берді. Осындай қиын кезеңде қауіпсіздік пен тұрақтылықты ұмыт қалдырмаған Қазақстан Елорда төрінде әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының үшінші съезін өткізді. 12 қаңтарда ҚР Тұң-



2019 ЖЫЛ

Қазақстан үшін бұл жыл тосын оқиғаларға толы болды. 19 наурызда Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өкілеттігін өз еркімен тоқтатты. 9 маусымда кезектен тыс сайлау өтіп, 70 пайыздан астам дауыс жинаған Қасым-Жомарт Тоқаев ел Президенті болып сайланды.

ғыш Президентінің алғашқы интеллектуалдық мектебі ашылды. 24-25 ақпанда халық санағы жүргізіліп, оның бір жылдан кейін жарияланған қорытындысы бойынша ел халқының саны 16 миллионнан асты. 21–23 наурыз күндері Наурыз мерекесі тұңғыш рет ресми түрде үш күн қатарынан тойланды. 3 тамызда «Жетіген–Қорғас» халықаралық теміржол құрылысы басталды. 12 желтоқсанда ҚР Президенті Н.Назарбаев пен ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтао «Түркіменстан – Қазақстан – Өзбекстан – Қытай» газ құбырының қазақстандық бөлігін іске қосты.

2010 ЖЫЛ

Тарих беттерінде бұл жыл Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығымен есте қалатыны сөзсіз. Елімізде халықаралық дәрежедегі тұңғыш білім ордасы – Назарбаев Университеті ашылды. БҰҰ Семей полигоны жабылған күнді Халықаралық ядролық қарусыздану күні деп бекітті. 1 қаңтарда Қазақстан, Ресей және Беларусь арасындағы Кедендік Одақ жұмыс істей бастады. БҰҰ Наурыз мерекесін халықаралық халықтық мейрам деп таныды.

2011 ЖЫЛ

30 қаңтар мен 6 ақпан аралығында Қазақстанда тұңғыш рет Қысқы Азия ойындары өтті. Спорт бәсекесінде еліміздің спортшылары 32 алтын, 21 күміс, 17 қола медальді иеленіп, құрлықтағы 26 елдің арасынан алғашқы орын алды. Ақ Азияда қазақ қоғамына айрықша рухани серпіліс сыйлады. 1 желтоқсанда Алматы метрополитені іске қосылды. 9 желтоқсанда Мойнақ су электр стансысы пайдалануға берілді.

2012 ЖЫЛ

Осы жылы Қазақстан алып құрылыс алаңына айналып, он мыңдаған жұмыс орында-

ры құрылды. 22 қарашада Қазақстан 2017 жылы елде әлемдік көрме өткізу құқығына ие болды. Халықаралық көрме бюросы мүшелерінің қатысуымен ел астанасы 103 дауыс жинады.

2013 ЖЫЛ

